Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы
в области архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МҮГЕДЕКТЕР МЕН ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНАТ ҮЙЛЕР

ДОМА-ИНТЕРНАТЫ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ И ПРЕСТАРЕЛЫХ

ҚР ЕЖ 3.02-105-2013*
СП РК 3.02-105-2013*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2024

ҚР ЕЖ 3.02-105-2013*
СП РК 3.02-105-2013*

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕГЕН:	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2 ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылдың 1 шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1 РАЗРАБОТАН:	АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2 ПРЕДСТАВЛЕН:	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года №156- НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 17.10.2017 жылғы №224-НҚ және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 27 қарашадағы №194-НҚ бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР ӨҚМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 21-05-21/2846-И хатына сәйкес 2-бөлімге, 3.4, 4.1.1, 4.1.3, 4.1.4, 4.2.2, 4.2.14, 4.3.4, 4.4.3.5, 4.4.6.28 тармақтарға, 1, 2, 7, 8, Г.1, М.1-кестелерге (мемлекеттік тілде) және 2-бөлімге, 4.4.1.11 тармаққа (орыс тілде) редакциялық түзетулер енгізілді, бүкіл мәтін бойынша «мүгедек» термині «мүгедектігі бар адам» терминімен ауыстырылды.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №224-НҚ от 17.10.2017 года и Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 27 ноября 2019 года №194-НҚ.

В раздел 2, пункты 3.4, 4.1.1, 4.1.3, 4.1.4, 4.2.2, 4.2.14, 4.3.4, 4.4.3.5, 4.4.6.28, таблицы 1, 2, 7, 8, Г.1, М.1 (на государственном языке) и в раздел 2, пункт 4.4.1.11 (на русском языке) внесены редакционные правки, по всему тексту термин «инвалид» заменен на термин «лицо с инвалидностью» в соответствии с письмом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства МПС РК от 20.11.2024 года № 21-05-21/2846-И.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР 3
4.1 Негізгі ережелер 3
4.2 Өрт қауіпсіздігі 5
4.3 Жер телімі мен аумақ параметрлері 8
4.4 Көлемдік-жобалық шешімдер 12
4.4.1 Тұрғын үй және негізгі үй-жайлар 12
4.4.2 Медициналық және физикалық оңалту үй-жайлары 18
4.4.3 Мәдени - бос уақытты өткізу және дене шынықтыру-сауықтыру үй-жайлары . 21
4.4.4 Санитарлық-гигиеналық үй-жайлар 22
4.4.5 Жүру жолдары 25
4.4.6 Кіреберіс топтарды, баспалдақтарды, пандустарды, есіктерді орнату 26
4.4.7 Қосымша қондырғыларды орнату 29
4.4.8 Лифтілер мен көтергіш құралдар 30
4.4.9 Эргонометрикалық параметрлер 32
4.4.10 Көзге көрінетін құрылғылар және ақпарат құралдары 32
4.4.11 Акустикалық құрылғылар 35
4.5 Конструктивтік шешімдер 36
4.5.4 Интернат үйлер ғимараттары конструкциясының сенімділігі, беріктілігі мен орнықтылығы механикалық қауіпсіздігін бойынша қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы аумағындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар ережелеріне сәйкес есептеу қажет. 36
4.6 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау 37
4.6.1 Сумен қамту және кәріз жүйелері 37
4.6.2 Жылыту, желдету және ауа баптау 38
4.6.3 Электрмен жабдықтау құрылғысының жүйесі 39
4.6.4 Қоқыс шығару 42
4.7 Қоршаған ортаны қорғау 43
5 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ 44
5.1 Энергия үнемдеу және жылу шығынын азайту 44
5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану 45
А қосымшасы (ақпараттық) Оқу-өндірістік үй-жайлар 47
Б қосымшасы (ақпараттық) Мәдени-спорттық мақсаттағы үй-жайлар 49
В қосымшасы (ақпараттық) Медициналық үй-жайлар 49
Г қосымшасы (ақпараттық) Асханалар және өндірістік үй-жайлар 52
Д қосымшасы (ақпараттық) Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар 58
Е қосымшасы (ақпараттық) Ақпараттық құрылғылар және байланыс құралдары 60

Ж қосымшасы (ақпараттық) Ересектерге арналған кресло-арбаның габариттері 62
И қосымшасы (ақпараттық) Тұрғын үй ғимараттарындағы ауа және ауа алмасу параметрлері 63
К қосымшасы (ақпараттық) Ғимараттардың, үй-жайлардың, құрылыстардың энергиялық тиімділік кластары 69
Л қосымшасы (ақпараттық) Қоршаған ортаға кері ықпал ететін құрылыс жұмыстарының түрлері 71
М қосымшасы (ақпараттық) Құрылыс материалдарының қалдықтарын қолдану нұсқаларын экологиялық бағалау 73

КІРІСПЕ

Осы құжат құрылыс саласын аймақтық және әлемдік әлеуметтік-экономикалық жүйеге біріктіруге бағытталған нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базасының реформасы шегінде әзірленген.

Осы ережелер жинағы мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлерге (мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған стационарлық түрдегі медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға)) қолданылатын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдарының және бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының аумағында жобаланатын және салынатын үйлер мен интернаттарды (мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған стационарлық түрдегі медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар)) жобалау мен салу үшін әзірленді.

Осы ережелер жинағы «Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлері» ҚР ҚН 3.02-05-2013 бойынша белгіленген жұмыс сипаттамаларының талаптарына қолайлы шешімдерді белгілейді және оларды орындаудың бірден-бір әдісі болып табылмайды. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

БЕЛГІ ҮШІН

ҚР ЕЖ 3.02-105-2013*
СП РК 3.02-105-2013*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МҮГЕДЕКТЕР МЕН ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНАТ ҮЙЛЕРІ

ДОМА-ИНТЕРНАТЫ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ И ПРЕСТАРЕЛЫХ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1* ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 * Осы ережелер жинағы тұру мен емделуге жағдай жасау жөніндегі мақсаттарды іске асыруды қамтамасыз ететін толыққанды сәулеттік орта арқылы мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлер (медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) (бұдан әрі – МӘМ) ғимараттарын жобалауға қолайлы шешімдерді белгілейді. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

1.2 * Осы ережелер жинағы жаңа және қолданыстағы мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлерді (МӘМ) қайта құруға таралады. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

1.3 Осы ережелер жинағы айрықша мекемелерге келуге мұқтаж ақыл-ой аппараты ауыр зақымданған жүйке ауруымен ауыратындарды қоспағанда, қарттар мен мүгедектігі бар адамдар қажеттіліктерін ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға, салуға және қайта құруға қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау.

ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және баптау.

МЕМСТ 21786-76 «Адам-машина» жүйесі. Сөзсіз хабарламаның дыбыстық сигнализаторы. Жалпы эргономикалық талаптар.

Ресми басылым

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар тізбесі», «ҚР Ұлттық стандарттары мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша жыл сайын жасалатын анықтамалық құжаттардың қолданылуын ағымдағы жылғы жағдай бойынша және ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық бюллетеньдерге - ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың журналдары мен ақпараттық көрсеткіштері бойыншатексерген орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн, егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер, сондай-ақ осы нысанның құрылыс нормаларында келтірілген терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 **Бейімделу:** Жаңа талаптарға бейімдеу. *Мұнда*: қажеттіліктерді ескеретін ғимараттың сәулеттік ортасының өзгерісі.

3.2 **Антропометриялық параметрлер:** Адам денесін және оның бөліктерін өлшеу жүйесі.

3.3 **Қауіпсіздік:** Жарақат алу немесе мүлікке, адамдарға, ғимаратқа немесе қондырғыларға залал тигізу қатерін болдырмай тұруға, қызмет көрсетуге немесе еңбек орындарына баруға жағдай жасау, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін сақтау.

3.4 **Жер телімін абаттандыру**: Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін және жасанды ландшафты жасауды (көгалдандыруды), жолдарды төсеуді, сыртқы жарықтандыруды орнатуды, учаскеде демалыс, спорт және ойын-сауық аймақтарын құруды, сондай-ақ ақпараттық қамтамасыз етуді қамтитын іс-шаралар кешені.

3.5 **Жиек:** Қозғалыс жолдарын және кеңістіктерді қауіпсіздік және ақпараттық белгілері бойынша функцияларды қоса атқаратын биіктігі төмен біркелкі элементтермен қоршау.

3.6 **Қауіпсіздік аймағы:** Жарақат қаупі жағдайының алдын алуға арналған функционалдық элемент (алаң) шетіндегі аймақ (жолақ).

3.7 **Қолжетімді (кедергісіз) бағыт:** 1) мүмкіндігі шектеулі келушілерге қызмет көрсететін ғимараттар мен құрылыстардың барлық элементтері мен кеңістігін байланыстыратын үзіліссіз бағыт.

3.8 **Аймақ және кеңістік параметрлері:** Жоспардағы немесе кеңістіктегі қандай-да бір шекаралар аралығындағы өлшемдерге тән, мысалы мүгедектігі бар адамдар алып отырған орынның ұзындығы мен ені, кресло-арбаны бұру радиусы, қол жететін аймақ биіктігі және т. б. шамалардың (ұзындық, ені, биіктігі) сандық мәні.

3.9 **Жеке қызмет көрсету үй-жайы (функционалдық)**: Өз-өзіне қызмет көрсету немесе мекеме (кәсіпорын) қызметкерінің мүгедектігі бар адамдарға немесе қарттарға қызмет көрсету жүзеге асырылатын кабина немесе кабинет. Кабина (кабинет) габариттері,

әдеттегідей, бірге алып жүретін тұлғаны орналастыру мүмкіндігін ескеруі тиіс.

3.10 **Көлденең еңіс:** Қозғалыс бағытына перпендикуляр бет еңістігі.

3.11 **Қауіптілік хабарлағыштар**: Көру бұзушылығы бар мүгедектігі бар адамдарға олардың жолындағы қауіптер туралы ескерту үшін жаяу жүргіншілер жолының немесе басқа элементтердің үстіңгі бетіне кіріктірме немесе қойылатын арнайы элементтер.

3.12 **Символика**: Нысанды шартты көрсетуге (түсіндіруге) арналған графикалық немесе тактикалық тәсілмен қалпына келтірілетін белгі ақпараты.

3.13 **Тіршілік ортасы**: Адам өзінің барлық тіршілік қажеттіліктерінің көмегімен жүзеге асыратын адамды қоршаған материалдық орта, оның ішінде ғимарат пен құрылыс, олардың жабдығы, жарықтандыру және іргелес аумақ.

3.14 **Көрсеткіш тақта**: Жұмыс беттеріндегі символдарды механикалық, электрондық немесе басқа жетекпен өзгертетін көрсеткіштер.

3.15 **Тактильдік**: Бедерлі, сезілетін.

3.16 **Брайль шрифтісі**: Көру қызметінің бұзушылығы бар тұлғалардың жазуына және оқуына арналған бедерлі-нүктелі шрифт.

4* ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

4.1 Негізгі ережелер

4.1.1 * Интернат үйлер (МӘМ) арнайы салынған немесе бейімделген ғимараттарда орналастырылады, олар санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы талаптарға, қауіпсіздік техникасына сәйкес болуы, қарттардың және:

- тірек қимыл аппараты зақымданған (ТҚА);
- көру қабілеті бұзылған;
- есту қабілеті бұзылған;
- ақыл-ой аппараттың жеңіл зақымдануы бар психохроник мүгедектердің өмір сүруі үшін оңтайлы жағдайлар жасалуы керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.1.2 Интернат үйлер мекемелерін орналастыру, сондай-ақ олардың сыйымдылығы, әрбір нақты жағдайда олардың үй-жайларының құрамы мен ауданы жобалауға берілген тапсырмамен анықталады.

4.1.3 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлерді жобалау барысында мыналар ұсынылады:

- қабылдау және әкімшілік үй-жайларды ғимаратқа кіретін негізгі есікке жақын орналастыру;
- қызметкерлер мен келушілер жиі қолданатын кеңістікті (акт залын, қонақтарды қабылдау бөлмесін және т. б.) ғимаратқа кіретін негізгі есіктен алыс емес орналастыру;
- интернат кеңістігін жасына қарай, сырқаттың ауырлығына қарай және т. б. аймақтарға бөлу.

4.1.4 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған арнайы тұрғын үй кешендерінің тізбесі, оларда тұратын контингент және тұру режимі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған арнайы тұрғын үй кешендерінің тізімі

Арнайы тұрғын үй кешенінің түрі	Тұратын контингент	Тұру режимі
Еңбекке қабілетті жастағы жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдар үшін қызмет көрсететін арнайы тұрғын үй кешені (оның ішінде тұрғын үй-өндірістік және тұрғын үй-оңалту кешендері құрамында)	Жалғызбасты мүгедектігі бар адамдар, әртүрлі нозологиялық топтардағы еңбекке қабілетті жастағы, оның ішінде кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдар	Жыл бойы
Мүгедектігі бар адамдар мен қарттар үшін қызмет көрсететін арнайы тұрғын үй кешені	Жалғызбасты мүгедектігі бар адамдар, әртүрлі нозологиялық топтардағы мүгедектігі бар адамдар, өз бетімен қозғалатын жалғызбасты қарттар мен қартайған ерлі-зайыптылар	Жыл бойы
Ардагерлерге арналған интернат үйлер	Өз бетімен қозғалатын жалғызбасты қарттар мен қартайған ерлі-зайыптылар	Жыл бойы және/немесе мезгілдік
Жалпы түрдегі мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлер	Қарттар және 18 жастан асқан I және II топ мүгедектігі бар адамдар: - Іс жүзінде дені сау, өз бетімен қозғалатын; - қиындықпен қозғалатын; - басқа адамның көмегіне, төсек режиміне мұқтаж, кресло-арбамен қозғалатындар.	Жыл бойы
Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған психоневрологиялық интернат-үйлер	19 жастан асқан, физикалық жағдайы бойынша әртүрлі санаттағы жеңіл имбецилділігі бар психохроник адамдар: - ішінара өз бетімен қызмет көрсетуге қабілетті; - оңалтуға мұқтаж; - басқа адамның көмегіне мұқтаж, төсек режиміндегі, кресло-арбамен қозғалатындар.	Жыл бойы
Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған арнайы интернат-үйлер (жалпы түрдегі интернат үйдегі мамандандырылған бөлім)	Қарттар мен I және II топ мүгедектігі бар адамдар (18 жастан асқан): - қамаудан шыққандар; - жалпы түрдегі интернат үйдің ішкі тәртібін жүйелі және қатаң бұзатындар. Өздерінің физикалық жағдайына қарай олар былай бөлінеді: - өз бетімен қозғалатындар, оңалтуға мұқтаж; - қиындықпен қозғалатындар; - басқа адамның көмегіне мұқтаж;	Жыл бойы

	- кресло-арбамен қозғалатындар.	

4.1.5 Қозғалған кезде әртүрлі қосымша құралдарды (таяқтар, балдақтар және т. б.) қолданатын адам өтетін аймақтың ені тіреу аспаптарының түріне байланысты 0,7 м бастап 0,95 м дейін қабылданады.

4.1.6 Интернат үйлер ғимараттарында жергілікті компьютер желілерін қарастыру керек. Жергілікті компьютер желілеріне қосу құрылғыларымен қызмет және әкімшілік үй-жайларындағы жұмыс орындары жабдықталады.

4.2 * Өрт қауіпсіздігі

4.2.1 Интернат үйлердің өрт қауіпсіздігі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.2.2 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат-үйлердің аумағында кем дегенде екі кіреберіс қарастырылуы тиіс.

Әр ғимаратқа кем дегенде екі қарама-қарсы жақтан кіреберістер жобалануы керек.

4.2.3 Интернат үйлер ғимараттарын отқа төзімділіктің II дәрежесінен төмен емес жобалау керек. Аумақтық орталықтардың үй-жайларын отқа төзімділіктің III дәрежесінен төмен емес басқа мақсаттағы ғимараттарға орналастыруға жол беріледі. Бұл жағдайда аумақтық орталықтардың үй-жайлары басқа мақсаттағы үй-жайлардан 1-ші типті өртке қарсы арақабырғалармен бөлінуі тиіс.

4.2.4 Мүгедектігі бар адамдардың келуіне арналған және сыртқа немесе екінші баспалдақ торына (пандус) шығатын тікелей шығатын есігі жоқ баспалдақ торы, сондай-ақ дәліздің шет жағының арасында орналасқан қабаттағы үй-жайдың жалпы сыйымдылығы 30 адамнан аспауы тиіс.

4.2.5 Мекеме ғимараттарындағы қабатта бір уақытта болатын адамдардың көп саны эвакуация жолының енін есептеу кезінде жатын үй-жайлардың, сонымен қатар спорт үй-жайларының, осы қабаттағы бос уақытқа арналған үй-жайлардың сыйымдылығына сүйене отырып анықталуы тиіс.

4.2.6 Ғимарат биіктігі 2 және одан асатын қабат кезінде үй-интернаттарды кемінде 2 м тереңдікпен және кемінде 6 м енімен ашық лоджияларды өртке қарсы қабырғалармен бөлетін өрт кезінде адамдарды жинау, сондай-ақ кейінгі эвакуциялауға арналған өртке қарсы бөліктер ретінде қарастыра отырып жобалау керек. Негізгі эвакуациялық шығатын есіктерге қосымша лоджия қоршауларындағы екі және үш қабатты ғимараттарда эвакуацияға арналған қосымша аспаптарды қарастыру ұсынылады.

4.2.7 Барынша алыстатылған үй-жайлар дәлізінен баспалдақ торларына немесе сыртқа шығатын есіктерге дейінгі арақашықтық (дәретхана, қол жуғыш, ванна, душ және басқа қосалқы үй-жайларды қоспағанда) мыналардан аспауы тиіс:

- егер үй-жайлар баспалдақ торлары аралығында, баспалдақ торы мен пандус немесе сыртқа шығатын есіктер аралығында орналасса, II дәрежелі отқа төзімділік ғимараттары үшін 35 м және III дәрежелі отқа төзімділік ғимараттары үшін 25 м;

- егер үй-жайлар тікелей сыртқа немесе екінші баспалдақ торына (пандус) шығатын есігі жоқ баспалдақ торлары және дәліздің шет бөлігінің аралығында орналасса,

II дәрежелі отқа төзімділік және III дәрежелі отқа төзімділік ғимараттары үшін 15 м.

4.2.8 Өртке қарсы қауіпсіздік мақсаттарында әрбір тұрғын үй тобында кемінде екі эвакуациялық шығатын есік қарастырылуы тиіс. Үш қабаттан биік емес ғимараттарда екінші эвакуациялық шығатын есік сыртқы баспалдақ (немесе пандус) арқылы қарастырылуы мүмкін.

4.2.9 Эвакуация жолдарында барлық мүгедектігі бар адамдар мен қарттарды құтқару үшін құтқару бөлімшелері келгенге дейін тұра алатын немесе олар ұзақ уақыт эвакуациялануы мүмкін және (немесе) іргелес жатқан тарамаған баспалдақ торы немесе пандус арқылы өз бетімен құтқарылуы мүмкін қауіпсіздік аймағын қарастыру керек.

4.2.10 Қауіпсіздік аймақ құрамына қауіпсіздік аймағына кірмейтін қалған үй-жай қабатынан өртке қарсы тосқауылдармен бөлінген іргелес жатқан лоджий немесе балкон ауданы кіруі мүмкін. Лоджия мен балкондарда өртке қарсы әйнектелмеуі мүмкін, егер олардың астындағы сыртқы қабырға кемінде (EI 30) отқа төзімділік шегімен бітеу немесе осы қабырғадағы терезе және есік ойықтары өртке қарсы терезелермен және есіктермен толтырылған болса.

4.2.11 Қауіпсіздік аймағы басқа үй-жайлардан және іргелес дәліздерден отқа төзімділік шектері бар мынадай өртке қарсы кедергілермен бөлінуі тиіс: қабырғалар, арақабырғалар, аражабындар - кемінде REI 60, есіктер мен терезелер – бірінші типті.

4.2.12 Ғимараттың әрбір қауіпсіздік аймағы селекторлық байланыспен немесе диспетчерлік және (немесе) өрт посты үй-жайы бар (күзет посты) көзге көрінетін немесе мәтіндік байланыстың басқа құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Эвакуация жоспарларында қауіпсіздік аймақтарының орналасу орындары белгіленуі тиіс.

4.2.13 Отқа төзімділігі IV дәрежелі екі қабатты ғимараттардың көтергіш элементтерінің отқа төзімділік шегі кемінде R 30 болуы тиіс.

4.2.14 ***Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.2.15 * Емдеу-еңбек шеберханалары сияқты тұрғын үй-жайларды басқа мақсаттағы үй-жайлардан оқшауланған эвакуациялық шығатын есіктерді, отқа төзімді шегі кем дегенде REI45 немесе EI45 болатын өрт қабырғалары, аралықтары мен төбелерімен бөлу немесе оларды жеке корпустарға орналастыру керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.2.16 2-ші типті өртке қарсы есіктерді төмендегідей орнату керек:

- тұрғын үй-жайларды қоғамдық үй-жайлардан бөліп тұратын арақабырғаларға және қабырғаларға;
- қоғамдық үй-жайлардан блокты өтпелерден тұрғын үй кешенін бөліп тұратын қабырғаларға;
- қабатты дәліздерден лифт холын бөліп тұратын арақабырғаларда немесе баспалдақ торлары көлемінен тыс орнатылатын лифт шахталарында.

4.2.17 Жанғыш материалдарды сақтауға және өңдеуге байланысты қоймалар мен шеберханалардың есіктері 2-ші типті өртке қарсы (отқа төзімділігі EI 30) болуы тиіс.

4.2.18 * Интернат үйлерде (МӘМ) автоматты өрт сөндіру жүйелерін, оның ішінде сплинкерлік жүйелерді орнату ұсынылады. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.2.19 Әдеттегідей, сплинкерлер барлық ғимаратқа есептелінуі тиіс. Шашырату

жүйесін орнату өрт бөлімінің құрылымына, орналасуына, ғимарат биіктігіне және оның орналасуына байланысты.

Сплинкерлік жүйелер өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орнатылуы тиіс.

Шашыратқыштарды айдау жүйесі негізгі жиынтық тоқтаған кезде автоматты түрде қосылатын сорғылардың толық резервті жиынтығы бар сорғы жиынтығынан тұруы тиіс. Сорғылар тұрақты тексерілуі тиіс. Осы мақсат үшін су резервуарларына немесе ағынды суларда тестік желілер болуы тиіс.

4.2.20 Арнайы лифтерді, өрт сөндіру қондырғыларын, ауаның арын, түтінді кетіру жүйелерін және өртке қарсы сорғыларды қуаттандыру үшін қарастырылған кабельдік желілерде кемінде отқа төзімділік шегі REI 90, ал эвакуациялық жарықтандыруда, өрт туралы хабарлау және адамдарды көшіруді басқару жүйелері – кемінде REI 15 болуы тиіс.

4.2.21 Интернат үйлердің өрт қауіпсіздігі мақсатында мынадай үй-жайларды қосымша қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету ұсынылады:

- қазандық;
- отынды және басқа жоғары жанғыш немесе химиялық заттарды сақтауға арналған орындар;
- зертханалар;
- ас үйлер;
- кітапханалар;
- гардеробтар.

4.2.22 Сигнализацияны хабарлағыштар өртке қарсы қондырғыларды орнату ойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.2.23 Жалын хабарлағыштарынан басқа, нүктелі өрт хабарлағыштарын аражабындар астына орнату керек, хабарлағыштарды тікелей аражабын астына орнату мүмкін болмаған жағдайда, оларды қабырғаларға, бағандарға және басқа көтергіш құрылыс конструкцияларына, сондай-ақ арқандардағы бекіткішке орнатуға жол беріледі.

4.2.24 Нүктелі өрт хабарлағыштарын аражабын астына орнату кезінде оларды қабырғадан кемінде 0,1 м арақашықтықта орнату керек.

4.2.25 Нүктелі өрт хабарлағыштарын қабырғаларға орнату кезінде хабарлағыштар габариттерін қоса алғанда, қабырға бұрышынан кемінде 1 м арақашықтықта және аражабыннан 0,1 м бастап 0,3 м дейінгі арақашықтықта орналастыру керек.

4.2.26 Хабарлағыштарды арқандарға ілген жағдайда кеңістікте олардың орнықты қалпы және бағдары қамтамасыз етілуі керек. Бұл жағдайда хабарлағыштың төбесінен төменгі нүктесіне дейінгі арақашықтығы 0,3 м аспауы тиіс.

4.2.27 Интернат үйлерде дыбыстық, көзге көрінетін дабылды орнату ұсынылады. Көзге көрінетін дабыл дыбыстық дабылмен бірге шамамен 1 Гц жиілікте тұтанатын отты өзіне енгізеді. Оттар шашыраңқы жарыққа қарағанда біршама ашық болуы тиіс.

4.2.28 Апатты дыбыстық дабыл үшін үй-жайдағы дыбыстың ең жоғарғы деңгейінен 15 дБ жоғары дыбыс деңгейін қамтамасыз ететін аспаптарды қолдану керек.

4.2.29 Көру қызметінің бұзушылығы бар адамдар тұратын эвакуациялық есікті дәл ұқсастыра алатындай, эвакуациялық есік тұтқасының жанында немесе одан төмен сезу жолағы немесе бағдарлы сезетін символ болуы тиіс. Егер үй-жай түтінге толса және

эвакуациялық белгілер көрінбесе, бұл да функционалдық болады.

4.3 Жер телімі мен аумақ параметрлері

4.3.1 Интернат үйлердің жер телімі және аумағын ҚР ЕЖ 3.01-101 талаптарына сәйкес жобалау қажет.

4.3.2 Психоневрологиялық, арнайы және мамандандырылған бөлімшелері бар жалпы типтегі интернат үйлердің жер телімдерін ауылдық жерлерге және қалалардың қала шеті аймақтарына орналастыру керек.

4.3.3 Қоғамдық көліктің аялдама орындарынан жер телімдеріне кіретін жерге дейінгі арақашықтығы 500 м аспауы тиіс, оны тұрғындарға келушілердің жолын жеңілдету үшін қажет.

4.3.4 Арнайы ғимараттардың оқшауланған учаскелерінің аумағының биіктігі кемінде 1,6 м қоршауы, ал психоневрологиялық интернаттардың – құлыпталатын қақпасы бар кемінде 2 м қоршауы болуы тиіс. Учаскедегі қоршау бойында жасыл екпелер жолағы көзделуі тиіс.

2*-кесте – Интернат үйлер (МӘМ) түрлерінің ұсынылған номенклатурасы, мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың контингенті және жасы, қабаттар саны, жер учаскесінің алаңы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

Мекеменің атауы	Ауру түрлері	Қабат тар саны	1 орынға жер учаскесінің алаңы, м2
1 Тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат үйлер: - жастар үшін - ересектер үшін	полиомиелит, балалардың церебралдық сал ауруы салдарынан, жарақат алу салдарынан және т. б. сол сияқты	3-ке дейін 3-ке дейін	100 -120 80 -100
2 Қарттарға арналған жалпы типтегі интернат үйлер	зейнеткерлер	5-ке дейін	80 -100
3 Психохрониктерге арналған интернат үйлер: - жастар үшін - ересек мүгедектігі бар адамдар үшін	жеңіл және орташа имбецилділік сол сияқты	3-ке дейін 3-ке дейін	100 -120 80 -100

4.3.5 * Интернат үйлердің (МӘМ) жер учаскесінің алаңын, сыйымдылығын, құрамын 2 мен 3-кестелерде берілген көрсеткіштерді ескере отырып, жобалауға арналған тапсырмамен белгілеу керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

3*-кесте - Шаруашылық аймағы және тұру аймағының алаңы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

Үй-жайлардың, орындардың сыйымдылығы	1 орындағы аймақ алаңы, м^2	
	шаруашылық аймағы	қызметкерлердің тұру аймағы
100-ден кем емес	15-18	-
100 - 150	12 - 15	10 - 15
151 - 300	9 - 12	9 - 12
300 жоғары	9 және одан кем	9 және одан кем

4.3.6 Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат үйлер жер телімдерінде мыналарды қарастыру керек:

- бақша-саябақ аймағын;
- демалуға арналған алаңдары бар аймақты;
- шынықтыру аймағын;
- ғимаратқа негізгі кіретін есік алдындағы алаңқайды;
- кіретін есік алаңқайына жақын автотұрақтарға арналған алаң;
- шаруашылық мақсаттағы аймақты.

4.3.7 Интернат ғимаратын қала маңындағы аймаққа немесе ауылдық жерлерге орналастыру кезінде жер телімінің жалпы ауданынан 15 % аспайтын өлшемдегі қосымша аудан бөлінетін бау-бақша аймағын, сондай-ақ қызмет көрсететін қызметкерлердің арнайы тұру аймағын орналастыруға жол беріледі.

4.3.8 Қызметкерлердің тұру аймағын оқшауландырылған кіретін есігі бар жеке жер теліміндегі мекемеге жақын орналастыруға жол беріледі.

4.3.9 Қызметкерлердің тұру аймағына демалуға, киімдерді кептіруге арналған, қоқыс жинағыштарға арналған алаңқайларды, сондай-ақ әмбебап мақсаттағы (волейбол, баскетбол, бадминтон ойындарына арналған) спорт алаңқайларын және үстел үсті теннисін ойындарына арналған үстелдерді әрбір 150-200 тұрғынға бір спорт алаңқай және 2 үстел есептеу арқылы орналастыруға болады.

Ескертпе – Қызметкерлердің тұру аймағын ұйымдастыру кезінде оны жобалау нормативтері ҚР ЕЖ 3.01-101 талаптарына сәйкес қабылданады.

4.3.10 Жерді көгалдандыруға ағаштар мен бұталарды, сәндік өсімдіктерді, гүлбақшалар мен гүлзарлар топпен және қатарымен отырғызу жатады. Жас көшеттердің ауданын учаске ауданынан кемінде 60 % есебінен қабылдау керек.

4.3.11 Мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат үйлер жер телімінде емдеу-өндірістік шеберханалар (слесарлық, ағаш ұсталық, радио және электр аппаратураларды жинау және басқалары) орналастырылатын емдеу-өндірістік аймақтарды ұйымдастыруға жол беріледі.

4.3.12 Серуендеу аймағында тыныштықпен демалу алаңдары – бір адамға 1,5 м²

есебінен, сондай-ақ емдеу жүрісіне және аяңдап жүгіруге арналған жолдар қарастырылады. Демалуға, үстел үсті ойындарына, ауада еңбекпен айналысуға арналған алаңдар орындықтармен, күркелермен, саялы қалқалармен және басқалармен жабдықталады.

4.3.13 * Арнайы ғимараттардың дене шынықтыру-спорт аймағы алаңдарының құрамы (ол болған жағдайда) интернат үй (МӘМ) адамдарының жас мөлшері және психофизикалық ерекшеліктеріне лайық болуы және жобалауға берілген тапсырмамен анықталуы тиіс. Арнайы ғимараттар жер учаскесінің дене шынықтыру-спорт аймағына гимнастикаға (80 - 100 м^2), спорт ойындарына (волейбол (9 × 18 м), бадминтон (13,5 × 6 м), футбол (40 × 60 м), үстел үсті теннис (2,8 × 1,5 м), крокет (20 × 40 м)) арналған алаңдар кіруі мүмкін.

Дене шынықтыру аймағының құрамында бір адамға 2 м^2 есебімен корригирацияланатын гимнастикамен айналысуға арналған ішкі аймақ, жүгіретін ойындарға арналған көгалдар қарастырылады.

Психоневрологиялық интернат үйлерде өз бетімен қозғалатын тұлғалардың емдік дене шынықтырумен айналысуы үшін 50-70 адамға есептегенде 100 м^2 дейінгі алаң қарастырылуы керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.3.14 Тұрғындар келетін жер телімі және ғимарат аймағын байланыстыратын аллеяларды (жолдар) мүмкіндігінше қысқа, түзу, барлық ұзындықта көрінетіндей жобалау керек; аллея (жолдар) енін кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдардың бір жақты қозғалысы кезінде кемінде 1,5 м және екі жақты қозғалысты кезінде кемінде 1,8 м; аллеялардың (жолдардың) шеттерінде биіктігі кемінде 0,05 м жиектас қарастыру керек; шығып тұратын конструкциялар астындағы көрінетін өткелдің биіктігі кемінде 2,1 м, ағаштар бұталарының астында кемінде 2,2 м қабылданады.

4.3.15 Аллеяларды (жолдар) қалыпты жер бедері бойынша жолды белгілеу керек; аллея мен жолдардың бойлық еңістігі 5 %, көлденең - 1 % - 2 % аспауы тиіс; жол берілген бойлық еңістен асып кетпеу, асып кеткен кезде де 10 % артық емес, жаяу жүргіншілер жолының екі жағынан 0,9 м аспайтын биіктікте тұтқыштары бар таяныштарды қарастыру және әрбір 12 м сайын ұзындығы кемінде 1,5 м көлденең алаңдарды орналастыру керек; еңістен асып кеткен кезде, баспалдақтарды және оларды қайталайтын пандустарды жобалау керек.

Жаяу жүргіншілер аллеяларында (жолдарда), әдеттегідей, деңгейлер айырмаларынан аулақ болу керек, ал олар болмай қалған жағдайда, баспалдақтар және оларды қайталайтын пандустар бойынша бір деңгейден екіншісіне түсуді қарастырады.

4.3.16 Аллеялардың плита жабындары болған жағдайда плиткалар арасындағы жіктер ені 0,01 аспауы тиіс; аллеялардың (жолдардың) барлық ұзындығындағы жабын түсі мен фактурасы іргелес беттердің түсі мен фактурасына қарама-қарсы болуы тиіс.

4.3.17 Жаяу жүргіншілер аллеяларында (жолдарда) бөгеттерді жою мүмкін болмаған жағдайда, олардың айналасына биіктігі кемінде 0,7 м қоршау және биіктігі кемінде 0,05 м ескерту бүйірлерін қарастыру керек; бүйірлердің айналасында негізгі жабынмен түсі мен жер бедері бойынша қарама-қарсы жабыны бар ескерту жолағы қарастырылады.

4.3.18 Қозғалыс жолдарын көзге көрінетін (көру қызметінің бұзушылығы

бар адамдар үшін) және дыбыстық ақпарат жасалатын «бағыттаушы (жетекші) желінің» көмегімен, сондай-ақ есту және көру қызметтерінің бұзушылығы бар адамдардың жақсы қабылдайтын тактильдік (сипап сезу) құралдарымен қосымша анықтау ұсынылады. Бағыттаушы желі ретінде беттің бедерін, түсін өзгертумен анықталған қоршау жиегі, арнайы тіректерге, ғимарат қабырғаларына бекітілген ені 0,15 м күңгірт жолақтар, қозғалыстың параллель жолдары немесе оған тікелей іргелес басқа қоршаулардың дуалдары қызмет етуі мүмкін.

4.3.19 Жаяу жүргіншілер жолдары енінің нормативтік параметрлеріне жету үшін нақты мүмкіндіктер болмаған жағдайда, жер телімінде кресло-арбалардағы мүгедектігі бар адамдардың тарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін өлшемі кемінде 1,6 × 1,6 м көлденең алаңдарды әрбір 60 - 100 м сайын құрылғыны қарастыру керек.

4.3.20 Аллея (жолдар) бойына серуендеу бағыттарында әрбір 60 м сайын демалу алаңдарын, 200 м сайын қалған аумаққа орнату керек. Алаңдарды жаяу жүргіншілер жолдарының шекарасы бойынша орналастырады, биіктігі әртүрлі (0,38 бастап 0,58 м дейін) арқалықтары бар орындықтармен жабдықтайды, әрбір үшінші орындыққа шатыр салады, орындықтардың бояулары ортаның бояу шешімдеріне қарама-қарсы болуы керек; орындықтардың шеттері жол шетінен 1,2 м түкпірге қарай орналастырылуы керек; орындықтардың шеттерінде жоспардағы 1,2 × 1,2 м өлшемді кресло-арбаларды орналастыруға арналған орын қарастырылады.

Әрбір алаңды бедерлі тақтадан жасалған, алллеяның (жолдардың) негізгі бетіне қатысты қарама-қарсы түспен боялған, ені 0,3 м бағыттаушы сызықты жаяу жүргінші жолынан бөлу керек.

Аллея (жолдар) бойына жаяу жүргіншілер жолының бір жағына жарықтандыру шамдарын орнатуды қарастыру керек; бұл жағдайда шамдардың негізгі торап жолдарындағы және назар аударуды талап ететін орындарда (бұрылыстарда, ғимаратқа кіретін жерлерде, функционалдық мамандандырылған алаңдарда, деңгейлер айырмасы орындарында, баспалдақ белдеуінде және пандустарда, басқалары) болуын қамтамасыз ету керек. Осындай орындардың алдында жабыны бар ені кемінде 0,8 м ескерту жолақтары қарастырылуы керек, олардың түсі мен фактурасы жаяу жүргінші жолының түсімен және фактурамен қарама-қарсы болуы тиіс.

4.3.21 Қиын жағдайда биіктігі 0,3 бастап 0,4 м дейінгі шам-бағдарлағыштарды әрбір 2 - 3 м жол сайын орналастыру ұсынылады.

4.3.22 Интернаттар аумағындағы барлық жасанды су қоймалары биіктігі кемінде 0,6 м қоршаулармен жобаланады.

4.3.23 Автомобиль тұрақтарын мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлердің жер телімі аумағында тұрғын үй кешендердің терезелер жағына орналастыруға жол берілмейді. Тұрақтан корпусқа дейінгі арақашықтық кемінде 15 м болуы тиіс.

4.3.24 Қараңғы тәулік уақытында жарық немесе жарық түсірілген белгілер мен көрсеткіштерді, қозғалыс жолдарында бағдаршамдарды, жабынға монтаждалған («мысық көздері» түрінде) жарық шағылыстырғыш белгілерден тұратын таңбаларды және жарық желісін қолдану ұсынылады.

4.3.25 Интернат аумағында ғимарат терезелеріне дейін 20 м жақын емес арақашықтықта қоқыс жинағыштарды орналастыруға арналған алаң қарастырылуы тиіс. Қоқыс жинағыш бар алаңда қоқыс шығаруға арналған кірме жол қарастырылуы тиіс.

4.4* Көлемдік-жобалық шешімдер

4.4.1 * Тұрғын үй және негізгі үй-жайлар

4.4.1.1 Интернат үйлер ғимаратының барлық үй-жай топтары бейтарап аймақ арқылы өзара оқшауланыу және жалғануы тиіс. Тәжірибеде жатын үй-жайларды қоспағанда, кейбір үй-жайлар топтарын өтпелі деп қарастыруға жол беріледі. Мекемелердің қалыпты жұмыс істеуі үшін әкімшілік-тұрмыстық, медициналық үй-жайлар, оқу-кәсіби дайындық және мәдени-жалпы және сауықтыруға арналған үй-жайларда өтпелі орындар болуы мүмкін.

4.4.1.2 Психоневрологиялық интернаттардың бір профильдік немесе бірнеше әртүрлі профильдік бөлімдерін қосатын аралас ғимараттарды жобалауға жол беріледі.

Психоневрологиялық интернаттарға науқастар жататын (төсек тартып жату, бақылау, еркін) әртүрлі профилдік және режимдер бөлімдері кіреді:

- қарқынды медициналық күтім бөлімі (төсек тартып жату және бақылап күту режимі);
- медициналық-педагогикалық түзету бөлімі (бақылау және еркін күту режимі);
- әлеуметтік-оңалту профильдік бөлімі (бақылау және еркін күту режимі);
- жоғары деңгейлі бейімделгіш және дербес белсенділіктегі тұлғаларға арналған бөлім (еркін күту режимі).

4.4.1.3 Қозғалыс жолдарын (коммуникациялық жолдар) эвакуациялық жолдармен қатар қолдану ұсынылады. Эвакуациялауды жеңілдететін және жеделдететін, әсіресе денсаулығы нашар тұлғалар үшін қосымша жолдар мен құрылғыларды жасау қажеттілігін ескере отырып анықталады.

4.4.1.4 Ғимарат бойынша қозғалыс жолдарындағы шығып тұратын бұрыштар, пилястрлар мөлшерін кеміту, жабдық бөлігінің қозғалыс жолдарының жағына шығып тұратын сыртқы бұрыштарды дөңгелектеу керек (радиусы - кемінде 5 см).

4.4.1.5 Интернат үйлерді жобалауға тапсырмаларды өңдеу кезінде үй-жай құрамын және ауданын анықтау үшін А-Д қосымшаларының мәліметтерін пайдалану ұсынылады.

4.4.1.6 Эвакуация жолдарын, аудандарын есептеуді мүгедектігі бар адамдар алатын ауданды есептеу арқылы 4-кестеге сәйкес жүргізу керек.

4.4.1.7 Интернат-үйлердің тұрғын және ортақ пайдаланылатын бөлмелерінің биіктігі 2,7 м кем болмауы, шаруашылық бөлмелерінің – 2,5 м кем болмауы керек.

4.4.1.8 Тұратын үй-жайларды екі негізгі түрдегі жеке тұрғын үй топтарының түрінде жобалау керек:

- дәліз жүйесі түрі бойынша, жатын бөлме тұрғын үй ұйымдарының басқа үй-жайларымен дәліз (дәліздер жүйесі) арқылы байланысқанда;
- пәтер түрі бойынша, тұрғын үй-жайлардың жалпы қонақ бөлмесін, ас бөлмені, асхананы, кіреберіс бөлмені санитарлық тораптармен жобаланғанда.

4-кесте - Жоспардағы мүгедектігі бар адамдар алатын ауданның ең жоғарғы өлшемдері

Дені саулар; есту қабілеті нашарлар	Көру қабілеті бұзылған-дар	ТҚА бұзылған, қосымша тіреулерсіз қозғалатындар	ТҚА бұзылған, тек бір қосымша тіреумен қозғалатын-дар	ТҚА бұзылған, екі қосымша тіреумен қозғалатын-дар	ТҚА бұзылған, кресло-арбалармен қозғалатын-дар	Зембілдер-мен, каталкалармен тасымалда-натындар
a = 0,28 м *b* = 0,46 м	*a* = 0,72 м *b* = 0,82 м	*a* = 0,40 м *b* = 0,75 м	*a* = 0,50 м *b* = 0,65 м	*a* = 0,50 м *b* = 0,90м	*a* = 0,80м *b* = 1,2 м	*a* = 0,55 м *b* = 2,15м
F=0,13 м^2	*F*= 0,60м^2	*F*= 0,3 м^2	*F*= 0,33м^2	*F*= 0,45м^2	*F*= 0,96 м^2	*F*= 1,18 м^2

_____

а - проекция ұзындығы;

б - проекция ені;

F - мүгедектігі бар адамның проекция ауданы.

4.4.1.9 Тұрғын үй бөлмелерінің жиыны мен сыйымдылығы, сонымен қатар олардың бөлімшелердегі қатынасын былай қабылдау керек:

- жартылай өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетті тұлғалар үшін кемінде 80 % бір орынды бөлмелер, 20 % артық емес – екі орынды және одан көп бөлмелер;

- күтімге мұқтаж адамдар үшін – пайдалану қолайлылығының пікірлері бойынша - кемінде 10 % бір орынды бөлмелер, 90 % артық емес - екі орынды және одан көп бөлмелер.

4.4.1.10 * Бірінші қабатта кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар адамдарға арналған бір орынды бөлмелер орналаса алады.***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.1.11 Жатын бөлмелерді тұрғындар үшін тыныштық қамтамасыз етілетіндей етіп жобалау керек. Жатын бөлмелерді лифтінің, баспалдақ торларының және қоғамдық үй-жайлардың жанына орнатудан аулақ болу керек.

4.4.1.12 Жатын бөлмелердің кеңдігін бір, екі, үш орынды бөлмелермен қабылдау керек.

Мекемелердегі әртүрлі кеңдіктегі жатын бөлмелердің қатынасын жобалауға берілген тапсырмамен анықтау керек.

Жатын үй-жайлары аурудың ауырлығына байланысты 20 - 40 орынды бөлімдерге біріктіріледі.

4.4.1.13 * Дәліз жүйесі түрінде жобаланатын интернат үйлердің (МӘМ) барлық жатын бөлімдерінде бір уақытта келу кезінде бір орынға 1,2 м² есебімен қонақ бөлмелерді қарастыру керек:

- жастарға арналған үй-интернаттарда - 80 % науқас;

- басқа үй-интернаттарда - 50 % науқас.

50 орынға дейінгі МӘМ-де қонақ үйдің аумағында (кемінде 18 м2) демалуға арналған залды қамтуға рұқсат етіледі. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.1.14 Тұратын үй-жайдың жалпы құрамы мен ауданын 5-кестеге сәйкес

қабылдау ұсынылады.

5*-кесте – Тұрғын үй-жайлардың ұсынылатын алаңы мен құрамы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес				Ескертпе
	дәліз типті		пәтер типті		
	1 орынға	секцияға барлығы	1 орынға	пәтерге барлығы	
1 Жатын бөлмелер:					
- 1 орынға	-	14 - 15	-	14 - 15	
- 2 орынға	-	16 - 18	-	16 - 18	
- 3 орынға	-	19 - 20	-	19 - 20	
2 Қызметкерлер бөлмесі	-	12	-	-	
3 Қонақ бөлме	1,2	-	-	-	Есептік
4 Ас бөлме, қонақ бөлме	-	-	-	18 - 20	
5 Асхана	2,0-2,4	-	-	-	
6 Ас бөлме немесе буфет	-	16-18	-	10 - 12	
7 Санитарлық тораптар					4-кестеде берілген ұсыныстарға сәйкес
8 Жинау керек-жарақтары сақталатын бөлме	-	4	-	4	Құюмен, қол жуғыштармен жабдықталады
9 Кептіру шкафтары бар киім ілуге арналған үй-жай	-	14 - 16	-	8 - 10	
10 Керек-жарақтар бөлмесі	-	6 - 8	-	6 - 8	
11 Тұрмыстық бөлме	-	6 - 8	-	4	
12 Таза киім қоймасы	-	6 - 8	-	3-4	
13 Шағын механикаландыру құралдарын сақтау үй-жайы	-	6 - 10	-	-	

4.4.1.15 * Тұрғын бөлмелер мен емдеу-диагностикалық үй-жайлардың ауқымдылығы 6 м артық емес, таңу және процедуралық – кемінде 4 болуы тиіс.

Тұрақты күтімге мұқтаж адамдарға және кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар

адамдарға арналған тұрғын бөлмелердің енін кемінде 3 м қабылдау керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.1.16 Тұрғын бөлмелердегі, палаталардағы және емдеу-диагностикалық үй-жайлардағы ауқымдылықтың еніне қатынасы 2:1 артық емес ұсынылады.

4.4.1.17 Интернат үйлердегі өз бетімен қозғалатын тұлғаларға және арбалы мүгедектігі бар адамдарға арналған тұрғын бөлмелерді мүгедектігі бар адамдар мен қарттар үшін киімге, аяқ киімге, төсеніштерге және жеке киімдерге арналған кіріктірме шкафтармен әрбір тұрғындар үшін кемінде 0,5 м^2 есебінде, ал ауыз үйді - сырт киімдерге арналған ілгіштермен жабдықтау керек.

4.4.1.18 Тұрғын бөлмелердегі жабдық арасындағы өтпелер мен арақашықтықтарды 6-кестеге сәйкес қабылдау керек.

6-кесте – Тұрғын бөлмелердегі жабдық арасындағы өтпелер мен арақашықтықтар

метрмен

Арақашықтық	Арақашықтық мәні, кем емес		
	өз бетімен қозғалатын тұлғалар үшін	арбалы мүгедектігі бар адамдар үшін	төсек тартып жатқан науқастар үшін
1 Кереуеттің қысқа жағы мен терезе ойығы бар сыртқы қабырға аралығындағы	0,5	0,5	-
2 Кереуеттің ұзын жағы мен терезе ойығы бар сыртқы қабырға аралығындағы	0,9	0,9	0,9
3 Кереуеттің ұзын жақтары аралығындағы	0,8	1,0	0,9
4 Кереуеттің қысқа жақтары немесе қысқа жақтары және қоршау конструкциялары аралығындағы	1,0	1,7	1,0
5 Кереует және шкаф аралығындағы:			
- кең ашылатын есіктерімен;	1,0	1,7	1,0
- жылжымалы есіктерімен	0,7	1,4	0,7
6 Кереуеттің қысқа және ұзын жақтары аралығындағы	1,0	1,0	-

4.4.1.19 Тұратын дәліз жүйелі үй-интернаттарды жобалау кезінде 50 % тұрғын бөлмелерді асханаға кіретін есіктен 15 артық емес арақашықтықта, ал қалған бөлмелерді 23 м артық емес орналастыру ұсынылады.

4.4.1.20 Егер науқастардың тамақтануы тұрғын үй-жайларда қарастырылған

жағдайда, олардың құрамына мыналарды ескеру керек:

- пәтерде тұрған жағдайда – асхана-қонақ бөлмені 18 - 20 м^2, сонымен қатар ас бөлмені 10 - 12 м^2;

- дәліздік жүйеде тұрған жағдайда – асхананы бір орынға 2,0 - 2,4 м^2 есебінен, сонымен қатар буфетті 16 -18 м^2 есебімен.

4.4.1.21 Асхананың құрамына қол жуғыштары бар санитарлық үй-жайларды қарастыру керек.

Санитарлық үй-жайлар тікелей тамақтану аймағына немесе тамақ дайындау аймағына шықпауы тиіс.

4.4.1.22 Өз бетімен қозғалуға қабілетті тұлғаларға және арбалы мүгедектігі бар адамдарға арналған бөлімшелерде бір тұрғын топқа екі демалу бөлмесін (қонақ бөлме, холл) және тұрғындарға тамақ дайындауға арналған екі ас бөлме-буфет қарастыруға жол беріледі.

Асханадан жеткізілетін тамақты жылыту және тарату үшін қарастырылған бір-бірден тарату-ас бөлмесін және екі тұрғындар тобындағы тұрмыстық бөлмені жобалау, сонымен қатар тұрғын бөлме тобындағы ас бөлме-буфеттің орнына ауыз бөлмеде электр плитамен және оған еріксіз желдету құрылғысымен жабдықтау шарты арқылы ас бөлме қуысын қарастыру ұсынылады.

4.4.1.23 Қызметкерлердің тамақтануы үшін тамақ блогы немесе әкімшілікке кіретін үй-жайдың есігіне жақын орналасқан немесе жер телімінен жеке есігі бар 1 орынға кемінде 1,8 м^2 есебімен өзіне-өзі қызмет көрсететін жеке тамақтану залын қарастыру керек. Қызметкерлердің тамақтану залының сыйымдылығын нақты шарттарға (қызметкерлердің жалпы саны, тамақтанушылар саны, тамақтану уақытының ұзақтығы, өткізу қабілеті) сүйене отырып есептеу керек.

4.4.1.24 Интернат үйлерде 1 орынға есептеу арқылы оқу-өндірістік шеберханаларды қарастыру ұсынылады:

- тігін, электр монтаждау, аяқ киім шеберханасында, қолөнер, механикалық жинау, аппаратураны және тұрмыстық техниканы жөндеу шеберханасының ауданы - кемінде 4,5 м^2;

- картонды-түптеу, ағаш, тоқыма, токарь-фрезер, қыш шеберханалары - кемінде 6 м^2.

4.4.1.25 Оқу-өндірістік үй-жайлар кезінде материалдар мен дайын бұйымдарды сақтауға арналған қоймаларды қарастыру керек.

4.4.1.26 Оқу-өндірістік шеберханалар үй-жайларындағы орындар санын 6-8 қабылдау керек; шеберханаларды мамандандыру және олардың санын мекемелердің сыйымдылығының нақты шарттарына, жергілікті дәстүрлерге, мамандардың болуына, еңбекпен қамту мүмкіндіктеріне және т.б. байланысты жобалауға берілген тапсырмамен анықтау керек.

Ескертпе - Оқу-өндірістік шеберханаларын тұратын үй-жайлармен бір блокта орналастыруға жол берілмейді.

4.4.1.27 Интернат үйлерде вестибюль жанында кресло-арбаларды сақтауға арналған арнайы үй-жай қарастырылады, үй-жайдың ең төменгі ауданы 2,2 × 2,0 м. Үй-жайларды жобалау кезінде отыратын креслолар үшін болжамдық өлшем 0,4 × 0,8 м кеңістік

ескерілуі тиіс.

4.4.1.28 Жобалау кезінде арнайы креслоның көмегімен отырғызу аймағының ауданы - 4,4 м^2, арнайы креслосыз отырғызу аймағының ауданы - 3,6 м^2 ескеру керек.

4.4.1.29 Жеке қолдану үстелдері бетінің (штатты құрылғылар) және кресло-арбалардағы мүгедектігі бар адамдарға арналған басқа қызмет көрсету орындарының астында биіктігі (еденнен шектелетін беттің астына дейін) кемінде 0,65 м, ені кемінде 0,8 м және тереңдігі кемінде 0,5 м бос кеңістікті қарастыру керек.

4.4.1.30 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлер құрамында ауданы кемінде 25 м² әкімшілік үй-жайларын қарастыру керек.

Әкімшілік үй-жайлар құрамына қыметкерлер кабинеттерінен басқа мыналар кіруі мүмкін:

- конференц-зал;
- тұрғындардың жеке істерін сақтауға арналған мұрағат үй-жайлары;
- психолог бөлмесі/сенім бөлмесі.

4.4.1.31 Өз бетімен қозғалуға қабілетті тұлғаларға және арбадағы мүгедектігі бар адамдарға арналған бөлімдердегі тұрмыстық бөлме: ұсақ заттарды жууға және кептіруге; жинау заттарын сақтауға; киімдер мен аяқ киімдерді тазалауға арналған аймақтарға бөлінуі тиіс.

Санитарлық бөлме төсек тартып жатқан науқастарға арналған бөлімдерде қарастырылады және дәретхана заттарын жууға және стерилизациялауға, төсемдерді жууға және кептіруге; жинау заттарын сақтауға; лас төсек-орындарды сұрыптауға, кептіруге және уақытша сақтауға арналған аймақтары болуы тиіс. Лас төсек-орынды түсіруге арналған құбырды орнатуға жол беріледі.

4.4.1.32 Шаруашылық құрылыстары: қазан, дезкамера, кір жуатын орын (немесе жуатын), жөндеу шеберханалары, қоймалар, гараж, тоңазытқыштар, жылыжай шаруашылығы және басқалары жобалауға берілген тапсырмаға сәйкес жергілікті жағдайларға байланысты қарастырылады.

4.4.1.33 * Үй-интернат (МӘМ) ғимараттарындағы кір жуатын орынды жобалау кір жуатын елді мекендерде төсек-орынды жуу мүмкіндігі болмаған жағдайда қажет. Кір жуатын орынның өнімділігін өз бетімен қозғалатын тұлғалар және арбалы мүгедектігі бар адамдар үшін бір орынға тәулігіне кемінде 1 кг және психоневрологиялық интернаттардағы төсек тартып жатқан науқастар мен төсек тартып жатқан күту режиміндегі тұлғалар үшін 3 кг құрғақ төсек-орынды жуу есебінен қабылдау керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.1.34 Қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға арналған үй-интернаттардағы төсек тартып жатқан науқастар үшін және бақылау мен төсек тартып жатқан күту режиміндегі тұлғалар үшін қалалық кір жуатын орында төсек-орынды жуу кезінде аса ластанған төсек-орынды жуатын үй-жайды қарастыру керек (қалалық кір жуатын орынға жіберер алдында).

4.4.1.35 Интернат үйлер құрамында арнайы тапсырма бойынша жобалау қажет діни жораларды жүргізуге арналған үй-жайларды қарастыруға жол беріледі.

4.4.1.36 Интернат үйлер құрамында мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың отбасы мүшелері уақытша тұратын үй-жайларды қарастыруға жол беріледі. Душ бөлмесі мен

дәретхана бар бөлменің ұсынылатын ауданы кемінде 23 м^2.

4.4.1.37 Телефон кабинасының габариттері кресло-арбаның кіруіне арналған аймақ 1,4 × 1,2 м болуы тиіс.

4.4.1.38 Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді жалпы қолдану орындарына орналастырылған таксофондардың кемінде біреуін еден жабынының деңгейінен 0,85 м бастап 1,1 м дейінгі биіктікте орнату керек.

4.4.1.39 Жасы ұлғайған азаматтарға және мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат үйлердің тұрғын бөлмелерінде лоджия, балкон немесе ауқымдылығы кемінде 1,5 м террасаларды қарастыру керек. Әрбір бөлмедегі лоджия, балкон және террасаларды бір-екі тұрғын топтары үшін жалпыға ауыстыруға болады. Мұндай шешім кезінде олардың ауданын әрбір тұрғынға 0,8 м^2, ауқымдылығын кемінде 1,8 м есебімен қабылдау және демалу бөлмелері жағдайында орналастыру керек.

4.4.1.40 Санитарлық бөлмелердегі төсек тартып жатқан науқастарға арналған әрбір тұрғын топтағы, ал өз бетімен қозғалуға қабілетті тұлғаларға арналған бөлімдерде екі-төрт тұрғын топтарға төсек-орындарды кептіруге, төсек жабдықтарын және киімдерді желдетуге арналған құрылғыларымен жабдықталған балкон немесе лоджия қарастыру керек.

4.4.1.41 Бірінші қабатта орналастырылған тұрғын үй-жайларда сырт көзден сәндік қабырға-экрандармен немесе бұталар егумен жабылуы дұрыс пәтер жанындағы жер теліміне шығатын лоджия (террасса) қарастырған жөн.

4.4.1.42 Лоджияны тегіс қоршаған жағдайда, қоршаған кеңістікпен көзге көрінетін байланысты қамтамасыз ету мақсатында еденнен 700 мм – 800 мм арақашықтықта ойықты қарастыру керек.

4.4.1.43 Тұрғын үй-жайдың және лоджияның (балкон) едендерінің деңгей айырмашылығы 2,5 см артық емес болуы тиіс.

4.4.1.44 Жертөлелік немесе жертөлелік (цокольдық) қабатта орналасқан қойма үй-жайларының және жөндеу шеберханаларының биіктігі аражабындардың шығыңқы конструкцияларының астына дейін кемінде 2,2 м болуы тиіс.

4.4.2* Медициналық және физикалық оңалту үй-жайлары

4.4.2.1 Карантин бөлімі және оңаша үй-жайларға кіретін қабылдау бөліміндегі интернат үйлердің сыйымдылығын орын санынан 4 % - 5 % есебінен жобалау керек. Оған бір уақыта қабылдау-қарау бокстары және толықтай санитарлық тораптар (унитаз, қол жуғыш, ванна) және тамбур арқылы жер теліміне шығатын есігі бар бір-екі орынды жергілікті палатарды ұсынатын карантинді бөлімнің палаталары қызметін атқаратын бокстарды енгізу керек.

4.4.2.2 Бокстар оқшаулау үй-жайларымен өтпелі тамбур-шлюздер арқылы қосылуы тиіс. Бокстар мен дәліздер аралығында қызметкерлер науқасты бақылауға қызмет ететін бітеу терезе (ашылмайтын) қарастыру керек.

4.4.2.3 * МӘМ-нің сыйымдылығы 50 орыннан көп болған жағдайда қабылдау-карантин бөлімінің құрамына қызметкерлер, емдеу бөлмесін, дәрігер кабинетін, аппаратураны сақтау үй-жайын (физиотерапевтік емдеу шаралары үшін) енгізу керек.

(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)

4.4.2.4 Қабылдау-карантин бөлімінде қысқа тұрақты және автомашинаның, оның ішінде автобустардың айналу мүмкіндігін қарастыру керек. Бұл бөлім ұзақ тұру тұрағы, гараж, жуатын орын және т. б. орналасқан шаруашылық аймағы бар қолайлы кіру жолымен байланысты болуы тиіс.

4.4.2.5 * Бокс алаңына тамбур-шлюз және санитарлық торап кіреді. Қабылдау-карантин бөлімдері үй-жайларының болжамдық құрамы мен алаңын 7-кестеге сәйкес қабылдау керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

7*-кесте - Қабылдау-карантин бөлімдері үй-жайларының құрамы және алаңы ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, мекеменің ыйымдылығынан кем емес, орын		Ескертпелер
	50-ден жоғары орын	қоса алғанда 50 орынға дейінгі МӘМ	
1. 1 орынға бокс	24	20	Бокстар саны жобалау тапсырмасымен анықталады
2. 2 орынға бокс	30	30	сол сияқты
3. Санитарлық бөлме	6	-	«
4. Ем жасайтын бөлме	18	-	«
5. Дәрігер, медбике кабинеті*	14		«
6. Киім шешуге арналған аймағы және душы бар қызметкерлер бөлмесі	12	-	«
7. Буфет	8	-	«
8. Тасымалдау аппаратурасын сақтау бөлмесі	12	-	«
9. Керек-жарақ бөлмесі	8	-	«
10. Шлюздегі қол жуғышы бар дәретхана	3	-	«
* 50 орынға дейінгі МӘМ қабылдау-карантин бөлімшесінің дәлізінде медбике бекетін қарастыруға рұқсат етіледі.			

4.4.2.6 Мельцеров бокстарына сыртқы кіретін есіктерде 1:8 артық емес еңіспен пандустар қарастыру керек.

4.4.2.7 Медициналық және физикалық оңалту үй-жайларының тобына мамандар, тынығуға және күтуге арналған холдар кіреді.

4.4.2.8 Барлық медициналық үй-жайлар қолжетімділігі бойынша екі негізгі аймаққа бөлінеді: тұратындарды қабылдауға және қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар және қызметкерлердің жұмысына арналған үй-жайлар.

4.4.2.9 Кабинеттерде қосымша аудан мыналарды ескере отырып қарастырылуы қажет:

- емделушілерді жылжытудың қосымша құралдарының, оның ішінде кресло-арбалар габариттерін;
- емделушіні алып жүретін адамның кабинетке келуі;
- маманның жұмыс орнында компьютерге арналған қосымша үстелінің болуы.

4.4.2.10 Физиотерапия кабинеттерінің ауданы және жобалау шешімі кресло-арбаны бұру мүмкіндігіне есептелінуі тиіс, бұл жағдайда электр жарықпен емдеу кабинетінің өлшемдері бір кушеткаға 6 м^2 есебінен қабылдануы тиіс, бірақ ауданы кемінде 8 м^2 төсемдерді өңдеуге арналған үй-жайы бар кемінде 12 м^2.

Массаж кабинетінің ауданы кемінде 18 м^2 киім ауыстыруға арналған бөлмесі бар әрбір массаж үстеліне кемінде 6 м^2 болуы тиіс.

4.4.2.11 Бір жабдық түріне емдеу мөлшерін таратуды 8-кестеге сәйкес қабылдау керек.

8-кесте – Бір жабдық түріне процедуралар саны

Емдеу процедуралары	Жабдық	Ең көп ауысымдағы процедуралар саны
1 Электр-, жарық- және жылумен емдеу	Кушетка	12
2 Субаквалды ванналар	Ванна	5
3 Қалған ванналар	«	12
4 Душ	Душ торы	25
5 Балшықпен емдеу	Кушетка	10
6 Орау	«	6
7 Массаж	«	12
8 Судағы дене жаттығулары	10 адамдық бассейн	6
9 Суда қозғалыспен емдеуге арналған ванна	Ванна	5
10 Мезанотрудотерапия	Орын	5
11 Ингалятория	Орын	12
12 Емдік дене шынықтыру сабақтары	4-8 адам тобы	5

4.4.2.12 Оттегі терапия кабинетінің өлшемі бір қондырғыға 4 м² есебінен, бірақ кемінде 12 м² қабылдануы тиіс.

4.4.2.13 Су асты массаж кабинетін тереңдігі кемінде 0,4 м ваннамен жабдықталады. Су астында массаж жасауға арналған ванна периметрі бойынша тірек қапсырмаларымен немесе тұтқыштармен жасақталуы тиіс. Ваннаның айналасына ені кемінде 1,5 м мүгедектігі бар адам арбасы өтетін және жүретін кеңістікті қарастыру керек. Ванна айналасындағы еденде резеңке жабын болуы тиіс.

4.4.2.14 Ванна орналасқан кабинет жанында шешінетін, демалу кабинеті, дәретхана қарастырылуы тиіс.

4.4.2.15 Су асты массаж үй-жайында және душ залы кабиналарында кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамды арбамен ваннаға немесе кабинаға жылжытуға арналған арнайы жабдық құрылғысы, сонымен қатар ем қабылдау кезінде мүгедектігі бар адамды тіреу мақсатында арнайы тұтқыштар мен тізелерге арналған тіректер қарастырылуы тиіс.

4.4.2.16 Емдік-жүзу бассейнін кемінде 13 × 18 м айнасы бар суда және габариті кемінде 18 м × 24 м жайда қарастыру керек.

4.4.2.17 Ваннасы бар емдік-сауықтыру бассейнін 4 - 5 м^2 есебінен бір мезгілдегі сыйымдылығы 10-12 адам кемінде 5 × 10 м айнасы бар суда қарастыру керек.

4.4.2.18 Көруі мүлде жоқ және нашар көретін тұлғалардың бағдарлауы үшін бассейннің арнайы ванналарындағы зал және киінуге арналған жайдан және душ бөлмесінен залға шығаберіс қабырғасының бойына еденнен биіктігі 0,9 бастап 1,2 м дейінгі шекте тік тұтқалар орнату ұсынылады.

4.4.2.19 Ваннаға арналған бағдарлау белдеуінің ені – кемінде 1,2 м. Онда биіктігі кемінде 1 м тұтқасы бар ескертпе қоршау орнатылуы тиіс.

4.4.2.20 Бассейн ваннасының шеті бүкіл периметрі бойынша айналатын жолдың түсіне қатысы бойынша қарама-қарсы бояумен сырланған белдеумен бөлінуі тиіс.

4.4.3* Мәдени-бос уақытты өткізу және дене шынықтыру-сауықтыру үй-жайлары

4.4.1.1 Мәдени - бос уақытты өткізу және дене шынықтыру-сауықтыру мақсатындағ үй-жайлар тобына мыналар жатады:

- фойесі бар көрермендер залы;
- клуб үй-жайлары (құрамында кітапхана-оқу залы, интернет-клуб және үйірме сабақтарына арналған бөлме);
- қосымша үй-жайлар бар дене шынықтыру-сауықтыру.

4.4.1.2 * Көрермендер залындағы орындар санын төмендегіден кем емес қабылдау керек:

- жасы ұлғайған азаматтарға және мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат үйлерде – өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетті және кресло-арбамен қозғалатындардың 100 % және өз бетімен қозғалуға қабілетті тұлғаларға және арбадағы мүгедектігі бар адамдарға арналған бөлімдердегі тұрақты күтімге мұқтаждардың 20 % есебінен;
- психоневрологиялық интернаттар – медициналық-педагогикалық түзету және әлеуметтік-оңалту профильдік бөлімдердегі еркін күтім көрсетілетін тұлғалардың және бейімділігі жоғары деңгейлі және дербес белсендіктегі тұлғалар үшін 100 % есебінен. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.1.3 Залда физикалық даму кемістіктері бар мүгедектігі бар адамдарға арналған интернат үйлердегі арбадағы мүгедектігі бар адамдар үшін 10 - 15 % кем емес және ақыл-ой өрісі зақымданған мүгедектігі бар адамдар үшін 5 - 10 % кем емес орындар қарастырылуы тиіс. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.1.4 Көрермендер залына стационарлық орындар бар жартылай жұмсақ немесе қатты креслоларды орнату есебінен жобалау керек. Креслолар еденге бекітілуі тиіс. Қатардағы орындар саны мынадай болуы тиіс:

- бір жақты эвакуациялау кезінде – 12 артық емес;
- екі жақты эвакуациялау кезінде – 25 артық емес.

Қатарлар арасындағы өтетін жолдардың ені кемінде 0,55 м болуы тиіс.

4.4.1.5 Кресло-арбалардағы мүгедектігі бар адамдарға арналған орындарды бір қатарда саны үштен асатын топтарда орналастыруға болмайды.

4.4.1.6 Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған сыйымдылығы кемінде 100 орынды интернат үйлерде бір отырғызу орынға: 1,6 м^2 – өз бетімен қозғалатын тұлғалар үшін және 3 м^2 – арбадағы мүгедектігі бар адамдар үшін есебінен біріктірілген көрермендер және тамақтану залын қарастыру ұсынылады.

4.4.1.7 * Үйірме сабақтарына арналған үй-жайлар құрамы мен алаңы жобалауға арналған тапсырма бойынша, бірақ мекемеге алаңы кемінде 18 м^2 үй-жай қабылданады.
(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)

4.4.1.8 Демалу орындарын желдер, қызу, жарық жарықтандыру туындауы мүмкін витриналардан, стендтерден, үй-жай элементтерінен алыс тыныш орынға орналастыру ұсынылады. Демалу орындарында кресло-арбадағы немесе балдақпен және таяқпен жүретін мүгедектігі бар адам үшін кемінде бір орынды орналастыру мүмкіндігі қарастырылады.

4.4.1.9 Демалу орындарын қуыстарға орналастыру кезінде олардың жарықтығын қамтамасыз ету, материалдың түсімен және фактурасымен отыратын орынды анықтау ұсынылады. Бұл жағдайда отыру орындарының беті еден жабынымен қарама-қарсы болуы маңызды. Еден жабынында кресло-арбаның резервтік аймақ (ықтимал орналастыру орындары) шекараларының болуы және белгілеу ұсынылады.

4.4.4 Санитарлық-гигиеналық үй-жайлар

4.4.2.1 Санитарлық тораптардың жобалау және функционалдық шешімдері, біріктірілген санитарлық торапты жабдықтау жинағы (душ, қол жуғыш, унитаз) және мүгедектігі бар адамның жеке сұраныстарына және дене күйіне сәйкес санитарлық-гигиеналық аспаптарды қолдануды жеңілдететін тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы жабдықты ҚР ЕЖ 3.06-101 талаптарына сәйкес орындау керек.

4.4.2.2 Интернат үйлердегі дәретханалар биіктігі еденнен 0,75 м төмен емес тік қайырмалы тұтқалармен жабдықталуы тиіс.

Ескертпе - Тұтқаға түсетін тік жүктеме –115 кг/м^2. Тұтқа диаметрі 0,032 - 0,038 м, қабырғадан көрінетін тұтқаның оңтайлы арақашықтығы - 0,04 м.

4.4.2.3 Тұрғындарға арналған санитарлық тораптардың есіктері сыртқа қарай ашылуы және төменгі бөлігі желдету торларымен, сондай-ақ оларды сыртқы жағынан

ашуға болатын ілмектермен жабдықталуы тиіс.

4.4.2.4 Қызметкерлерге арналған дәретхана кабиналарының ең төменгі өлшемі 0,85 × 1,2 м (есіктерді сыртқа ашқан кезде) және 0,85 × 1,5 м (есіктерді ішке қарай ашқан кезде), душ кабиналары - 0,85 × 1,0 м (ашық) және 0,85 × 1,8 м (жабық) болуы тиіс.

4.4.2.5 Ерлер дәретханасында писсуарларды еденнен 0,4 м артық емес биіктікке орнату және оны екі жағынан тік тірек тұтқалармен жабдықтау керек.

4.4.2.6 Қозғалу кезінде балдақтарды немесе басқа құралдарды қолданатын мүгедектігі бар адамдар үшін санитарлық тораптарды бүйір жақтарында орналасқан тұтқалармен, киімдерге, балдақтарға және басқа керек-жарақтарға арналған ілмектермен жабдықтау керек.

4.4.2.7 Кресло-арбадан унитазға отыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін кабинада кресло-арбаны орналастыруға арналған унитаздың оң немесе сол жағында бос кеңістік қарастырылуы тиіс. Унитаз орындығы кемінде 0,45 м және 0,6 м аспайтын биіктікке орнатылуы тиіс. Унитаз орындығын номиналдық биіктіктен (0,45 м) көтеру үшін қосымша төсемдерді немесе орындықты қолдану керек.

4.4.2.8 Жалғыз қолжуғыштардың өстері арасындағы арақашықтықты қолжуғыштар арасындағы қабырғаға немесе еденге бекітілетін көлденең тұтқалар орнатуды қарастыра отырып, кемінде 0,7 м қабылдау керек. Көлденең тұтқаларды аяқ ванналарының периметрі бойынша қабырғаға немесе тік қабырғалы – писсуарлар жанына орнату арқылы қол мен аяқ жуатын ванналар және писсуарлардың осьтері арасындағы арақашықтықты кемінде 0,7 м қабылдау керек.

4.4.2.9 Кресло-арбадағы адамдар үшін қолжуғыш биіктігі 0,75 бастап 0,86 м дейін өзгереді. Қолданылатын қолжуғыштардың, су құбыры және кәріз құбырлары бөлшектерінің түрлеріне байланысты белгіленген көлемдегі кез-келген биіктікпен қолдану ұсынылады.

4.4.2.10 Жалпы душ бөлмелерінде кересло-арбадағы мүгедектігі бар адамдар үшін жабдықталған кемінде бір кабина қарастыру керек. Кабинаның алдына кресло-арбадағы мүгедектігі бар адам келе алатын жеткілікті бос кеңістік қарастырылуы тиіс.

4.4.2.11 Көру ақаулығы бар тұлғаларға арналған душ кабинасы ішке қарай ашылатын есігімен жабық болуы керек. Киім ауыстыруға арналған орынды қоса алғанда, кабинаның өлшемі – 2 × 0,9 м.

4.4.2.12 Ванна бөлмелерінде кресло-арбаның қозғалуына жеткілікті бос кеңістік қарастырылуы тиіс. Ванна алмалы-салмалы орындықпен және қабырға тұтқалармен жабдықталады.

4.4.2.13 Дәретхана кабиналарының есіктерін сыртынан, сол сияқты ішінен ашуға мүмкіндік беретін тиектермен жабдықтау ұсынылады.

4.4.2.14 Дәретхана, душ және ванна бөлмелерін қызметкерлерді шақыруға арналған құрылғылармен жабдықтау керек.

Қызметкерлерді шақыру түймесі еденнен 0,4 - 0,6 м дейін биіктікте орналасуы керек. Пәтер түрінде жобаланатын тұрғын үй-жайларда санитарлық тораптар пәтерге жалпы болып қарастырылады. Санитарлық жабдықтың құрамы және әртүрлі тұрғын үй-жайлар түрлеріндегі санитарлық тораптардың ауданын 9-кестеге сәйкес қарастыру керек.

9-кесте – Санитарлық тораптардың ұсынылатын түрлері, үй-жайлар ауданы және жабдықтар құрамы

Тұратын үй-жай түрі	Санитарлық торап түрі	Санитарлық торап ауданы, кемінде, м²	Санитарлық жабдық құрамы	Ескертпелер
1 Дәліз жүйесі түрі бойынша үй-жайлардың тұрғын тобы	1 Жатын бөлмесі жанындағы біріктірілген санитарлық торап	5 – 6	Душ, унитаз, қолжуғыш	Барлық жабдық кабиналары мен крандары жоқ жалпы үй-жайға орналасуы тиіс
	2 Дәретхана бөлмесі (ақыл-ой кемістігі бар жүйке ауыруы науқастарына арналған интернаттарда)	18 – 20	Унитаз, бидэ, құйылыс, ванна, екі қолжуғыш, дәрет алу ыдысына арналған стеллаж, клеенкаларды дезөңдеуге арналған ванна, клеенкаларға арналған кептіргіш	сол сияқты
	3 Шлюзді қолжуғышы бар қызметкерлердің санитарлық торабы	3	Унитаз, қолжуғыш	сол сияқты
2 Тұрғын тобы	1 Қолжуғышы бар дәретхана	3	Унитаз, қолжуғыш	сол сияқты
Пәтер түріндегі үй-жайлар	2 Дәретхана	6 - 8	Унитаз, қолжуғыш, душ немесе ванна	Барлық жабдық кабиналары мен крандары жоқ жалпы үй-жайға орналасуы тиіс

Ескертпелер:
1 Санитарлық тораптардың барлық үй-жайларында суды төгуге арналған еденде басқыштар болуы тиіс.
2 Қол жуатын, дәретхана, қатар қолданылатын санитарлық тораптарда сүлгі кептіргішті қарастыру керек.
3 Жатын бөлменің жанындағы санитарлық торапқа кіретін есікті сырт киімге арналған кіріктірме шкаф орналастыратын тамбур арқылы қарастыру керек.
4 Нұсқауды таңдау жобалауға берілген тапсырмамен анықталады.

4.4.2.15 * Санитарлық тораптарда қозғалу кезінде кресло-арбаны қолданатын мүгедектігі бар адамдар үшін 1,65 × 1,8 м ең төменгі өлшем жоспарымен кемінде бір кабина қарастыру керек. Креслодан унитазға отырғызу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін кабинада унитаздың жанына кресло-арбаны орналастыруға арналған бос алаң қарастырылады. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.2.16 Интернат үйлерде тұратындар үшін жоспардағы санитарлық тораптар үй-жайларының өлшемдерін 10-кестеге сәйкес қабылдау керек.

10-кесте – Жоспардағы санитарлық тораптар үй-жайларының өлшемдері

метрмен

Үй-жайлар	Жоспардағы кабиналардың өлшемдері, кемінде		
	өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілеттілер үшін	күтімге мұқтаждар үшін	кресло-арбамен қозғалатындар үшін
1 Жалпы қолданыстағы дәретхана [1)] (унитаз, қолжуғыш)	2,5 × 2 (шлюзді)	-	2,5 × 2 (шлюзсіз)
2 Тұрғын бөлмесі жанындағы дәретхана (унитаз, қолжуғыш)	1 × 3	2 × 3	2 × 4
3 Қатар қолданылатын санитарлық торап (унитаз, қолжуғыш, душ)	1,3 × 2,4 (тұғырмен) 2,5 × 2 (тұғырсыз)	1,3 × 2,4 (тұғырмен) 2,5 × 2 (тұғырсыз)	2,5 ×2,5 (тұғырсыз)
4 Қатар қолданылатын санитарлық торап (унитаз, қолжуғыш, ванна)	1,6 × 2,1	-	-
5 Шешінуге арналған орны бар душ кабинасы	1,2 × 2,0	1,2 × 2,6	1,6 × 2,6
6 Әйелдердің жеке гигиенасы кабинасы (бидэ, қолжуғыш, унитаз)	1,2 × 2,4	1,2 × 2,4	1,8 × 2,6
[1)] Унитаздар бар екі немесе одан көп кабиналар мен жалпы қолданыстағы дәретханада шлюзді қолжуғыштарды қарастыру керек.			

4.4.5 Жүру жолдары

4.4.3.1 Дәліздер мен өтетін жолдардың ені кресло-арбамен жылжитын мүгедектігі бар адамдардың еркін қозғалуы үшін жеткілікті және мыналардан кем болмауы тиіс:

а) тұрғын бөлімдерде:

- еркін қозғалатын тұлғалар үшін - 1,8 м;

- қосымша тірек аспаптармен және кресло-арбалармен қозғалатын тұлғалар үшін - 2,2 м;

- интернат үйлердің төсек тартып жатқан науқастары үшін, жасы ұлғайған азаматтар және мүгедектігі бар адамдар үшін, психоневрологиялық интернаттардың қарқынды медициналық күтім жасау және медициналық-педагогикалық түзету бөлімдерінің науқастары үшін - 2,2 м;

б) үй-жайлардың қызмет көрсету топтарында:

- мәдени-бос уақытты өткізу және дене шынықтыру-сауықтыру, емдеу-еңбек және өндірістік - 2,0 м;

- медициналық (қабылдау бөлімінде және процедуралық бөлім алдында, күту үшін

қарастырылған кабинеттер) – 2,2 м;

- қызметтік-тұрмыстық – 1,5 м.

Дәліздерде жергілікті тар орындар және шығып тұрған бөліктер болмауы тиіс.

4.4.3.2 Дәлізді 90 ° бұрған кезде кресло-арбаны бұруға арналған ең төменгі қажетті аймақ сақталуы тиіс. Тұйық дәліздерде кресло-арбаны 180 ° бұру мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

4.4.3.3 Қозғалыс жолдарында және ғимаратқа кіретін есікте биіктік айырмасы кезінде мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың барлық топтары үшін қатынаудың және қолайлылықтың тең жағдайларын жасау керек. Бұл жағдайда кресло-арбадағы және қол арбадағы адамдар үшін пандустарды қолдану, көру мүмкіндігі шектеулі мүгедектігі бар адамдар және кейбір топтар үшін баспалдақ ең қолайлы екендігін назарға алу керек.

4.4.3.4 Денсаулығы бұзылған тұлғаларға арналған көтергіштерді белдеулерге параллель бүйірінен немесе белдеулер арасындағы аралықтарға орнату ұсынылады.

4.4.3.5 Қозғалыстың көлденең жолдарының түйісетін орындарындағы ашық баспалдақтарға және пандустарға баспалдақтар мен пандустардың бұру алаңдарының өлшемдеріне ұқсас алаңдарды орнату ұсынылады.

4.4.3.6 Коммуникациялық жолдарды жалпы кеңістіктерде, оның ішінде қатарларда, атриумдарда қызмет көрсету және демалу аймақтарымен біріктіруге жол беріледі. Бұл жағдайда мүгедектігі бар адамдар мен қарттар орындарын екінші деңгейден (қабаттан) асырмай орналастыру ұсынылады.

4.4.3.7 Коммуникациялық үй-жайларда және кеңістіктерде жолдардың қиылыстары туралы ескерту үшін порталдардың сәулеттік пластика түрін қолдану ұсынылады.

4.4.3.8 Ғимараттарда мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың қозғалу жолдарында олармен іргелес демалу және күту аймақтарын 25 м жиі емес, бірақ әрбір қабатқа кемінде бір жолды қарастыру керек.

4.4.3.9 Егер бұл жоба тұжырымдамасына кері әсер етпесе, мыналарды бөлу ұсынылады:

- қызыл түспен – қатер аймағын немесе кіруге тыйым салынған аймақтарды, жекелеген жағдайда қызметтік есіктерді, жөндеу жұмыстарын жүргізу орындарын, еден деңгейінің айырмалары бар орындарды;

- сары түспен – бұрылу аймағын және ашық есік алып жатқан орынды, шектеу бүйірлерін, жол қиылысын, баспалдақтың бірінші және соңғы сатысын.

4.4.6* Кіреберіс топтарды, баспалдақтарды, пандустарды, есіктерді орнату

4.4.4.1 Мүгедектігі бар адамдар мен қаттар үшін қатынайтын есіктер алдында кемінде 1,8 × 1,8 м жоспарлық өлшемді алаңқай болуы керек. Алаңқай кіретін есіктен кемінде 1:10 және 1:5 артық емес еңістігі бар рампа түрінде болуы тиіс. Алаңқайды орнату кезінде ғимаратқа кіретін есіктерде тайғанаудың және ықтимал құлаудың қорғаныс күнқағарларды, кіретін есіктер мен пандустарда еденге электр жылытқыштарды орнату түрінде алдын алу шаралар қарастырылуы тиіс және т. б.

4.4.4.2 * Кіретін есік алаңқайларында орнатылатын дренажды және су жинайтын торлар еден жабынының бетінен бір деңгейде орнатылуы тиіс. Тор ұяшықтарының көрінетін ені 0,013 м аспауы тиіс. Торларды ромб тәрізді немесе шаршы ұяшықтармен

қолданған жөн. Торларды тік бұрышты ұяшықтармен қолданған жағдайда, ұяшықтар қозғалыс жолына перпендикуляр орналасатындай етіп орналастыру ұсынылады. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.4.3 Демалатын және вестибюльдегі күту орындарында кресло-арбадағы тұлғалар немесе костыль мен жіңішке таяқты пайдаланатын тұлғалар үшін кемінде үш орынды орналастыру мүмкіндігін, сондай-ақ оларды алып жүрушілер үшін аймақ қарастыру керек.

4.4.4.4 Тірек-қимыл аппараты зақымданған тұлғалардың киім ауыстыру қолайлылығы үшін қосымша қабырға сөре-үстелдермен, ілгектермен және 0,8 бастап 1,2 м дейінгі әртүрлі биіктіктегі таяныштармен жабдықталған еркін аймақ қарастырылуы тиіс.

Гардероб және тіркеу-анықтама сөресінің ені кемінде 0,3 м болуы тиіс. сөренің шғыңықы бөлшектері мен бұрыштары кемінде 0,05 м радиуспен дөңгелектенуі тиіс.

Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға, кресло-арбалармен қозғалатындарға қызмет көрсетуге арналған гардероб бағаналарының, тіркеу-анықтаманың жұмыс беттері еден деңгейінен 0,8 м аспайтын биіктікте орналастырылуы тиіс.

4.4.4.5 Мүгедектігі бар адамдар қолдана алатын ғимаратқа кіретін есіктерде кемінде 0,9 м көрінетін ені болуы тиіс.

4.4.4.6 Үй-жайлардағы есік ойықтарының таза ені кем емес болуы керек:

а) тұрғын үй бөлімдерінде:

1) жасы ұлғайған азаматтар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған үй-интернаттар, аумақтық орталықтар, үйі жоқ азаматтарға арналған әлеуметтік қорғау мекемелерінің ғимараттары:

- дәліз бен тұрғын бөлмелер, жалпы және қосалқы үй-жайлар арасында - 0,9 м, ал қажеттілігіне қарай кресло-арбада, аурухана арбасында қозғалу -1,1 м;

- тұрғын бөлмелер мен лоджия, балкон немесе терраса арасында – 0,9 м;

- ауызғы бөлме, тұрғын бөлме және санторап арасында, дәліз бен дәретхана арасында – 0,9 м, ал қажеттілігіне қарай кресло-арбада қозғалу -1,1 м;

- эвакуация жолдарындағы дәліздерде – 1,2 м;

2) психоневрологиялық интернаттарда:

- әлеуметтік-оңалту профильдік бөлімдердің тұрғын үй-жайларында және жоғары деңгейлі бейімделгіш және дербес белсендіру тұлғалары үшін – 0,9 м;

- қарқынды медициналық күтім және медициналық-педагогикалық түзету бөлімдерінің тұрғын үй-жайларында – 1,1 м;

- эвакуация жолдарындағы дәліздерде -1,2 м;

б) үй-жайлардың қызмет көрсету топтарында:

- көрермендер залында және дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары, үйірме, асхана, дәрігерлер кабинеттері, процедуралық, қабылдау бөлімінің палаталары, емдеу-еңбек үй-жайлары үшін - 1,1 м;

- қалған үй-жайларда – 0,9 м;

- эвакуация жолдарындағы дәліздерде – 1,2 м.

4.4.4.7 Есіктерді «жабық» және «ашық» қалпында төсемді бекітуге арналған арнайы аспаптармен жабдықтау ұсынылады.

4.4.4.8 Екі жаққа ашылатын немесе автоматты ашылатын жылжымалы есіктер ұсынылады. Әйнек автоматты ашылатын есіктерді жобалау барысында еден деңгейінен

1,5 м биіктікте олардың ашық таңбасын қарау керек.

4.4.4.9 Мүгедектігі бар адамдар қозғалатын жолдардағы ғимараттың және үй-жайлардың есіктерінде табалдырықтар болмауы тиіс, жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес табалдырықтың әрбір деңгейінің биіктігі 0,014 м аспауы тиіс.

4.4.4.10 Ғимаратқа кіретін есіктердің төсемдерінде төменгі бөлігі еден деңгейінен 0,9 м аспай орналасуы тиіс соққыға қарсы әйнектен жасалған қарау панелдерін қарастыру керек. Есіктерді әйнектеу ретінде шыңдалған немесе арматураланған әйнекті қолдану керек. 0,4 м биіктіктегі есік төсемдерінің төменгі бөлігі соққыға қарсы жолақпен қорғалуы тиіс.

4.4.4.11 Есіктер ашық күйінде кемінде 12 секунд (арнайы сигналсыз) тұруы керек.

4.4.4.12 Есіктердің тұтқасында қолмен қармауға қолайлы беті болуы тиіс және қол білезігімен немесе білекпен есікті оңай ашуға мүмкіндік беруі тиіс. Есікті ашу мен жабуға жұмсалатын ең жоғарғы күш 2,5 кг аспауы тиіс.

4.4.4.13 Есіктердің төменгі ілгектері металл немесе резеңке қаптамамен қорғалуы тиіс.

4.4.4.14 Әйнектелген төсемдері бар есіктерді қолданған кезде еден деңгейінен 1,6 м биіктікте қабырғада ені 0,15 м мөлдір емес көлденең ескерту жолағын қарастыру керек.

4.4.4.15 Есіктердің кіріс және шығыс төсемдерін әртүрлі түстермен белгілеу ұсынылады. Кіретін есіктің оң жағында 1 - 1,1 м биіктікте үй-жай корпусының немесе блогының нөмірлерінің (араб сандары) бедерлі кескіні бар пластинканы бекіту керек.

4.4.4.16 Пандустың әрбір белдеуінің көтеру биіктігі 0,8 м аспауы тиіс. Пандус көлбеулігі 1:12 (7 %) аспауы, ал 0,2 м дейінгі биіктікке көтерген кезде –1:10 артық болмауы, көлденең еңіс 1:50 аспауы тиіс.

4.4.4.17 Пандус және алаңқайлардың сыртқы шеттері бойынша (қабырғаларға жанаспайтын) биіктігі кемінде 0,05 м бүйірлерді орнату керек.

4.4.4.18 Пандусты көтеру басында және соңында ені пандус енінен кем емес және ұзындығы кемінде 1,5 м көлденең алаңдарды орнату керек. Пандус маршының ені өтетін жолдардың негізгі параметрлеріне сәйкес келуі тиіс. Пандус маршының ені пандустың басындағы және аяғындағы алаңмен көрнекті белгіленуі тиіс.

4.4.6.19* Пандустың ені түзу және қысқа учаскелерде - кемінде 1,2 м, тұрақты екі жақты қозғалыспен - кем дегенде 2,1 м, егер бөлек жүру керек болса - кем дегенде 1,80 м. Әдетте пандустың бір бағытқа қозғалыс үшін қабылданған ені - 1,2 - 1,3 м. Пандустың ені биіктігі 0,05 м бүйір ернеулерді қамтиды. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).***

4.4.6.20 Керек-жарақ (жылжымалы, жиналмалы-бөлшектелетін және қайырмалы) пандустарды кемінде 350 кг жүктемеге есептеу керек.

4.4.6.21 Пандустың екі жағына тұтқыштары бар биктігі кемінде 0,9 м қоршауды қарастыру керек. Тұтқыштар 0,7 және 0,9 м биіктікте қосарлы болуы тиіс. Тұтқыштардың оңтайлы бейіндері: радиусы 0,03 - 0,05 м дөңгелек қима немесе қалыңдығы 0,04 м артық емес тік бұрышты қима. Тұтқыштар мен қабырға арасындағы арақашықтықты кемінде 0,045 м қабылдау керек.

4.4.6.22 Көлденең алаңдарды әрбір 3 м сайын, бірақ пандусты көтеру ұзындығынан әрбір 9 м артық емес орнату керек. Алаң ұзындығы 2,0 м, ең төменгі ұзындығы – 1,5 м.

4.4.6.23 Мүгедектігі бар адамдар қозғалатын жолдардағы баспалдақтар басқышын екі жағы жабылған, тегіс және тайғанамайтын бетімен жасау ұсынылады. Басқыш

қабырғасы 0,05 м аспайтын дөңгелек болуы тиіс. Баспалдақ белдеуінің қабырғаларға тимейтін бүйір жақтарындағы басқыштарда биіктігі кемінде 0,02 м жиектер болуы тиіс.

4.4.6.24 Басқыштардың ені сыртқы баспалдақтар үшін кемінде 0,4 м, ішкі баспалдақтар үшін – кемінде 0,3 м; сыртқы баспалдақтардың басқыштар көтергішінің биіктігі 0,12 м аспауы, ішкі баспалдақтар 0,15 м артық болмауы тиіс.

4.4.6.25 Баспалдақ белдеулері екі жағынан тұтқалармен жабдықталады. Тұтқаларды басқыш бетінен 0,9 м биіктікке орналастырады. Тұтқалард алаңдардың үстіне кемінде 0,3 м ұзындықпен жалғастыру керек. Тұтқалар конструкциясы пандустерге арналған тұтқалар конструкциясына ұқсас.

4.4.6.26 Көзі нашар көретін тұлғалар үшін баспалдақ белдеулерінің жер телімдері, сондай-ақ бірінші және соңғы басқыштарға сәйкес келетін тұтқыштар жер телімі айқын бұдырларлы (тактильдік жолақты) және қарама-қарсы бояуы бар бет жер телімдерімен белгіленуі тиіс. Сонымен қатар басқыштардың, сондай-ақ баспалдақтың басындағы және аяғындағы алаң, пандустар қарама-қарсы боялғаны (жарық саңылаулар және баспалдақ асты қара түсті) дұрыс. Басқыштардың көмескі жарығы пайдаланылуы мүмкін.

4.4.6.27 Баспалдақ тұтқаларын бұру орындарында әрбір қабатқа қабат нөмірі көрсетілген, бедерлі араб сандарымен немесе Брайль бойынша белгілермен орындалған пластиналарды орнату ұсынылады.

4.4.6.28 Баспалдақ маршының астында биіктігі 2,1 м-ден аз аймақта ескерту тосқауылын орнату керек.

4.4.7 Қосымша қондырғыларды орнату

4.4.7.1 Дәліз қабырғаларының ашық жерлері 0,9 м биіктікте бірыңғай тұтқыштармен жабдықталуы тиіс. Көру ақаулығы бар мүгедектігі бар адамдарды бағдарлау үшін түрлі-түсті және фактуралық жолақтарды қарастыру ұсынылады.

4.4.7.2 Өтетін жердің шығыңқы қондырғылар (конструкцияның) астына дейінгі биіктік кемінде 2,1 м болуы тиіс. 0,7 бастап 2,1 м дейінгі биіктікке ілінген қабырға жазықтығынан шығып тұратын элементтер (телефон кабельдері, ақпараттық көрсеткіштер) дәліздер мен өтетін жолдардан 0,1 м артық шықпауы тиіс, ал жеке тұрған тірекке орналастырған кезде – 0,3 аспауы тиіс.

4.4.7.3 Элементтер қабырға жазықтығынан 0,1 м артық шыққан жағдайда, оның астындағы кеңістік биіктігі кемінде 0,1 м жиекпен бөлінуі тиіс. Егер шығып тұрған заттардың төменгі шеті 0,7 м және одан төмен биіктікте болса, онда шығыңқы жер өлшемі лимиттелмейді.

4.4.7.4 Сәндік бұйымдар және ішкі көріністері мүсіндер қозғалыс жолағында 2,1 м биіктікке шықпауы және осы биіктік шектерінде олармен жанасқан кезде іліп кету немесе жаралауға қабілетті бөлшектері болуы тиіс.

4.4.7.5 Қызмет көрсету аймақтарында жарықтандыру ерінмен оқу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс, сондықтан әйнекке экрандар орнату ұсынылмайды.

4.4.7.6 Өсімдіктерді интерьерге орналастыру кезінде олардың бөліктерінің қозғалыс аймағына және олардың габарит шектеріндегі демалу орындарына түсуін болдырмау керек. Өсімдіктер салынған ыдыстарды орнату орындарын биіктігі кемінде 0,1 м

жиектермен қоршау керек.

4.4.7.7 Едендер мен алаңдарды сәндеуді қозғалыс жолдарын, демалу аймағын және сәндік қасиеттерді белгілеуді өзімен қатар қолданатын суретпен үйлестіру ұсынылады.

4.4.7.8 Еден жабыны ретінде қолданылатын кілемдерде тегіс немесе текстуралық ілмектер немесе биіктігі 0,013 м асатын тегіс кесілген түк болуы тиіс. Кілеммен жабылмаған еден беті бар шекарадағы түкті қосқанда, кілем жабынының биіктігі 0,013 м аспауы тиіс.

4.4.7.9 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың жолдарындағы тор қабырғалары бір-бірінен 0,013 м артық емес арақашықтықта орналасуы тиіс. Осындай торлардың бойлық саңылауларын адамдар қозғалысына перпендикуляр орналастыру керек.

4.4.8 Лифтілер мен көтергіш құралдар

4.4.8.1 Лифт холы мен лифт кабинасы еденінің шеттері арасындағы көлденең саңылау 0,02 м аспауы тиіс.

4.4.8.2 Кабина едені мен лифт холы алаңы арасындағы деңгейлер айырмасының шамасы 0,025 м аспауы тиіс.

4.4.8.3 Бірінші қабаттан жоғары тұратын үй-жайлардағы кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жабдықталған лифтілерді (лифтінің есік ойығы – 0,9 м кем емес) қарастыру керек. Автоматты жабылатын есік кезіндегі лифт алдындағы алаңның ені есік ойығынан 0,25 м екі жағынан көп болуы, аспалы есік кезінде – есік тұтқасы жағынан 0,7 м, бірақ жалпы кемінде 2,1 м болуы тиіс.

4.4.8.4 Түрғын үй-жайлар бірінші қабаттан жоғары орналасқан және кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамдардың қолдануына арналған интернат үйлерде лифтілердің, кабиналардың жоспардағы өлшемдері мыналардан кем болмауы тиіс:

- ені - 1,1 м;
- сыйымдылығы - 1,5 м;
- есік ойығының ені - 0,9 м.

4.4.8.5 Тірек-қимыл аппараты зақымданған науқастарға арналған биіктігі 2 қабат интернат үйлерде, ал екі қабаттан жоғары биіктіктегі интернат үйлердің басқа түрлерінде кемінде 30 % лифт есебінен лифтілер қарастыру керек.

4.4.8.6 Төтенше жағдайларда көрсетілген халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарын эвакуациялау үшін кабинаның сыйымдылығы кемінде 2,1 м ең болмағанда бір лифті қарастыру ұсынылады.

4.4.8.7 Көрсеткіштегі сандардың өлшемдері кемінде 0,013 м биіктікте болуы тиіс. Дыбыстық сигнал 1500 Гц артық емес дыбыстық жиілікті кемінде 20 дБ болуы тиіс.

4.4.8.8 Лифтімен басқару панелі мыналармен жабдықталуы тиіс:

- панель бетінен шығып тұратын немесе онымен бірдей деңгейде орындалған, кемінде 0,019 м диаметрде бақылау нүктелерімен;
- түйсіну және көзге көрінетін индикаторлармен.

4.4.8.9 Қабаттардың түймелері басқару панеліне бүйір жағынан келген кезде еден деңгейінен 1,4 м жоғары емес және алдынан келген кезде 1,2 м жоғары емес орналасуы тиіс.

4.4.8.10 Жедел шақыру батырмалары немесе қауіпсіздік нүктелері (дабыл сигналы

және күтпеген тоқтау) панельдің төменгі бөлігінде кабина еденінің деңгейінен 0,9 м жоғары топтастырылмайды. Қауіпсіздік нүктелерін қалғандарына қарағанда, диаметрін үлкен етіп жасау ұсынылады.

4.4.8.11 Мүмкіндігінше көлденең бағытта орналасқан үлкен көлемді нүктелері бар басқару панелін қарастыру.

4.4.8.12 Қабат нөмірлерінің бедерлі көрсеткіші лифт алаңының еден деңгейінен 1,5 м биіктікте орнатылады.

Кіретін есіктегі фотоэлементтер екі деңгейде болуы тиіс: 1,25 м және 0,7 м биіктікте. Лифтіні, кабина еденінің учаскесін және лифті есігінің холын басқару орны жарығының деңгейі кемінде 53,8 лк болуы тиіс.

4.4.8.13 Тактильдік қабылдау үшін лифт кнопкаларындағы қабаттар нөмірлерін Брайль шрифтісімен белгілеу, сондай-ақ оларды Брайл шрифтісімен көшіру қажет. Лифт нүктелері сенсорлық болмауы тиіс және оларды белсендіру үшін 3,5 Н немесе 350 г артық емес күш жұмсалуы тиіс. Брайль шрифтісімен сандарды орналастыру нұсқалары 1-суретте берілген.



1-сурет – Басқару панелі

4.4.8.14 Лифтілерде еден деңгейінен 0,8 бастап 0,9 м дейінгі биіктікте үш жағынан орналасқан тұтқаларды қарастыру керек. Тұтқалар арасындағы саңылау 150 мм артық болмауы тиі.

4.4.8.15 Баспалдақ белдеуіне тігінен немесе бойлай орналастырылған тұғыр түріндегі көтергіш құралдың ені кемінде 0,9 м, ал тереңдігі – кемінде 1,2 м болуы тиіс.

4.4.8.16 Ғимараттардағы деңгейлер айырмаларын меңгеру үшін әртүрлі конструкциялардағы көтергіш құралдар қолданылуы мүмкін.

4.4.8.17 1,8 м дейінгі белгілердің айырмашылығы кезінде, әдеттегідей, ашық тұғырлар қолданылады.

4.4.8.18 Бір немесе одан көп қабатқа көтерген кезде ашық, сол сияқты жабық кабиналар бар арнайы фуникулерлер қолданылуы мүмкін.

4.4.8.19 Жүк лифтілері мен қызметтік-шаруашылық мақсаттарда және мәйіттерді, қалдықтарды және лас жүктерді тасымалдауға арналған лифтілерді жолаушылар және аурухана лифтілерінен бөлек орналастыру керек.

4.4.8.20 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған үй-интернаттардың палата бөлімдерін тамақты және тамақ қалдықтарын тасымалдауға арналған лифттермен

(көтергіш құралдармен) жабдықтау ұсынылады.

4.4.8.21 Лифт шахталары және лифтілер мен көтергіш құралдардың машина бөлімдерінің үй-жайлары палаталар мен емдеу-диагностикалық кабинеттерден кемінде 6 м арақашықтықта орналасуы тиіс.

4.4.9 * Эргонометрикалық параметрлер

4.4.9.1 Мүгедектігі бар адамдар ерекшеліктерін ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау барысында анықтаушы элементтердің бірі кресло-арбаның көмегімен қозғалатын адамның сырт келбеті болып табылады.

4.4.9.2 Ғимараттар мен құрылыстардың жобалау шешімдері кресло-арбадағы мүгедектігі бар адамның параметрлерін ескеруі тиіс. Мүгедектігі бар адамның арбасының параметрлері Ж қосымшасында көрсетілген.

4.4.9.3 Негізгі функционалдық аймақтардың, дәліздердің, баспалдақ белдеулері алаңдарының, тамбур ендерін және т. б. габариттерін анықтау үшін кресло-арбаны айналдыру аймақтарының өлшемдерін ескеру керек.

4.4.9.4 Мүгедектігі бар адамдар қажеттіліктерін ескере отырып, жиһаздар мен жабдықтарды жобалау және орналастыру кезінде кресло-арбаларды қолданатын адамдар үшін қолжетімді эргонометриялық параметрлерді басшылыққа алу керек.

4.4.9.5 Функционалдық аймақтардың ауданын анықтау үшін әртүрлі үй-жайларда қосымша тіректерді қолданатын адамның сырт келбетін ескеру керек.

4.4.9.6 * Көру ақаулығы бар мүгедектігі бар адамдар таяқтың көмегімен қозғала алады. Таяқ жүріп келе жатқан адамның дене келбетінен бүйір жағынан 0,2 м және алдынан 0,8 м шығады. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.4.9.7 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған ғимаратты жобалаған кезде егде жастағы адамдардың антропометриясын және эргонометриялық параметрлерін ескеру керек.

4.4.9.8 Ғимаратқа кіретін есікті шешу және кіретін есікті орналастыру кезінде жобалау барысында арбаның қозғалуына арналған құрылғының әртүрлі нұсқаларын үйрену ұсынылады. Осы алаңдардың габариттері кіретін есіктердің түріне және оларды ашу бағыттарына ғана емес, сонымен қатар есіктерге негізгі кіреберістердің бағытына байланысты.

4.4.10 Көзге көрінетін құрылғылар және ақпарат құралдары

4.4.10.1 Сонымен қатар, барлық жалпы қолданатын телефон байланысының 25 %, қабылдаудың кіріктірме күшейткіштерімен (қабылдау және тапсыру) бірге болуы және барлық ғимаратқа жайғастырылуы тиіс. Ғимаратта телефон байланысының бір мамандандырылған аппараты болған жағдайда, оны вестибюлде немесе анағұрлым адам көп қабатқа орналастыру керек.

4.4.9.9 Мүгедектігі бар адамдар мен қарт адамдардың қол жетерлік аймағы шартты тік осьтен басталатын арақашықтықпен анықталады: алдыға қарай - 0,6 м (кеудені еңкейтпей), 0,8 м (еңкейту арқылы), солға/оңға - 0,8 м (еңкейтпей), 1,0 м (еңкейту

арқылы).

4.4.10.2 Тік бағыттағы қол жетерлік аймақ еденнен арақашықтықпен анықталады: жоғары - 2,0 м (тұрған адам үшін), 1,7 м (отырған, кресло-арбадағы адам үшін); төмен - 0,4 м (еңкеймей отырған, оның ішінде кресло-арбадағы адам үшін). Буындарының қозғалуының шектеулеріне, қолдарды ампутациялауға және т.б. байланысты қол жетерлік аймақтарды азайту бойынша қозғалу қабілеті шектеулі адамдардың арнайы талаптары жобалауға берілген тапсырмада көрсетілуі тиіс.

Көрудің қалыпты сызығы еден деңгейінен көз деңгейіне тұрған адам үшін 1,5 м бастап 1,7 м дейін, кресло-арбада отырған адам үшін 1,2 м бастап 1,3 м дейінгі құрайтын арақашықтықпен анықталады.

4.4.10.3 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған ақпараттық жүйе элементтерін мынадай түрде қалыптастыру ұсынылады:

- нүктелі (жергілікті) ақпараттық құралдар немесе жауапты қозғалыс жол жер телімдеріндегі үй-жайларға кіретін есіктерге орнатылған құрылғылар;

- бір немесе бірнеше құралдардан және (немесе) қозғалыс жолдарының бойлық жер телімдеріне, қозғалыс ағындары бар үй-жайларға орналастырылған құрылғылардан тұратын желілік;

- үй-интернаттар ғимараты мен құрылыстарының есіктеріне, вестибюлдерге, холлдарға, қозғалыстың қиылысатын жолдарына, арнайы алыстатылған аймақтарға және аумақтардағы үй-жайларға орналастырылған ақпараттық тораптар.

4.4.10.4 Ақпараттық құрылғылар көзге көрінетін, акустикалық (дыбыстық) және түйсіну болуы мүмкін.

4.4.10.5 Көзге көрінетін құрылғыларға және мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың қозғалысын және тәртібін қосымша басқару үшін қолданылатын ақпараттық құралдарға келесілер жатады:

- көрсеткіштер мен белгілер, оның ішінде түрлі-түстік;

- жабдық элементтерінің белгісі мен түсі;

- қалқандар, стендтер, көрсеткіш тақта;

- тактильдік көрсеткіш тақталар;

- жарық маяктары.

4.4.10.6 Қозғалыс жолдарында бағыттаушы символдарды және шектеу (латералдық) белгіні қолдану ұсынылады:

а) интернат үйлердің ғимараттың немесе құрылыстың ішіне кіруі бойынша:

- оң жағы: ақ немесе ашық түсті аясында – қара түсті белгілер, қара түс аясындағы белгі – ақ түсті (ашық түсті), ашық түс аясында – қара немесе күңгірт түс;

- сол жағы: қара түс аясында – ақ түсті символдар, белгі – қара түсті. Реңдердің қарама-қарсылығы - кемінде 1:8;

б) қозғалу өсі бойынша: ақ немесе қара түсті (аясына қарама-қарсы үзік жолақ) – үзік-үзік белгі.

Қабырғалардағы белгілердің ұсынылған биіктігі пайдаланушының көз деңгейінен - 1,2 бастап 1,6 м дейін.

4.4.10.7 Ақпараттық сигнал құрылғыларының және мүгедектігі бар адамдар мен қарттар үшін қолжетімді байланыс құралдарының топтарының, ішкі топтарының және

түрлерінің атауы Е қосымшасында берілген.

4.4.10.8 Белгілер мен символдарды танудың есептік арақашықтығына сәйкес келетін өлшемдері болуы тиіс: 20 м дейінгі арақашықтықтарда – белгінің биіктігі мен ені кемінде 0,3 м, 100 м арақашықтықта – кемінде 1,5 м болуы тиіс.

4.4.10.9 Белгілерде кескінделген әріптер мен сандарда енінің биіктігіне қатынасы 3:5 бастап 1:1 дейінгі, ал штрихтер енінің олардың биіктігіне қатынасы 1:5 бастап 1:10 дейінгі шектерде пропорциялары болуы тиіс.

4.4.10.10 Жазулардың, белгілердің, символдардың және пиктограммалардың беттерін жарықтандыру ақпаратты кескіндеу құралдарының барлық беттерінде біркелкі болуы тиіс. Оның мәні 100 лк бастап 300 лк дейін құрады.

4.4.10.11 Жарық маяктарын шағын бағдаршамдар немесе шамалы жарықтық жарық импульсін шығаратын түрлі-түсті сүзгілері бар сигнал шамдары түрінде орындау ұсынылады.

4.4.10.12 Маяктардың түстері қауіпсіз қозғалыс жолдарында – жасыл, ал жоғары назар аударатын аймақтарда – сары, ал қауіпті немесе шектеулі қатынайтын аймақтарда – қызыл түсті болуы тиіс.

4.4.10.13 Жарық маяктарын кемінде 2,0 м биіктікте үй-жайларда қозғалыс осі бойынша немесе 1,5 бастап 2,1 м дейінгі биіктікте қабырғаларға жолдардың бүйір жағына немесе кез келген биіктіктегі төбеден 0,15 м арақашықтықта орналастыру ұсынылады.

4.4.10.14 Көзге көрінетін ақпаратты:

- ғимараттан тыс – қозғалыс бетінен кемінде 1,5 және 4,5 м артық емес биіктікте орналастыру ұсынылады. Бұл жағдайда тактильдік байланысқа арналған белгілер мен көрсеткіштерді 1,2 бастап 1,6 м дейінгі биіктікте қозғалыс жолдарының көрінетін жолдардың көз жетерлік жерлеріне орналастыруға жол беріледі;

- ғимараттың ішіне – үй-жайлардың мақсаты туралы ақпарат – есіктің жанына есік тұтқасы жағынан 1,4 бастап 1,6 м дейінгі биіктікте; белгілер мен көзге көрінетін көрсеткіштерді – зал үй-жайларындағы жолдар бойынша қозғалыс аймақтарында 2,5 м биіктікте орналастыру ұсынылады.

4.4.10.15 Үй-жайлар едендеріндегі белгі жолағының енін, егер ол әшекейлі фриз элементі болып табылса, 150 мм орындау керек.

4.4.10.16 Ішкі белгілер мен көрсеткіштерді (оның ішінде тактильдік) тұтқа жағынан есік ойықтарына орналастыру керек.

4.4.10.17 Есту және сөйлеу кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар қосымша тілдеспей-ақ хабардар болу үшін үй-жайларды жүйелі және толықтай (есіктен бастап жеке үй-жайларға дейін) көзге көрінетін ақпаратпен жабдықтау ұсынылады. Әрбір бөлме және үй-жай анық белгіленуі тиіс, белгілер ірі және жақсы жарықтандырылуы тиіс.

4.4.10.18 Интернат үйлер жайындағы қозғалыс жолдарындағы вестибюльдерде, лифт алаңдарында, баспалдақтар мен пандустарда мозайкалы немесе плиткалы едендерді қоспағанда, қабырғалы жабындарды қолдану ұсынылмайды.

4.4.10.19 Тактильдік ақпаратты орналастырудың оңтайлы биіктігі - 0,6 - 1,1 м, ал қозғалыс жолдары аймағында - 1,2 - 1,6 м биіктікте.

4.4.10.20 Инженерлік жабдықтауды бедерлі нүктелік ажыратқыштарды және ажыратқыштар пернесін немесе әртүрлі фактуралы және бедерлі сандарды, әріптер мен

символдарды реттеу құрылғыларын қолдану ұсынылады. Символдардың өлшемдері - кемінде 5 мм, ал тереңдігі - 0,8 мм. Пернелер мен нүктелердің алаңы - кемінде 20 мм × 20 мм.

4.4.10.21 Қозғалыс жолдарының бойындағы және олардың соңындағы тұтқаларға биіктігі кемінде 15 мм бедерлі шрифтер немесе Брайль шрифтісінің белгілері бар тактильдік көрсеткіштер, қабаттар белгілерін орнату керек.

4.4.10.22 Гардероб үй-жайларындағы әрбір шеткі шкафтың шет қабырғасында еден деңгейінен 1,55 - 1,6 м биіктікте қатар нөмірі және қатардағы шкафтардың нөмірі жазылған бедерлі тақтайша-көрсеткішті орнату ұсынылады.

4.4.10.23 Көру ақаулығы бар мүгедектігі бар адамдар үшін кедергілерге жақындағаны туралы ескерту ақпаратын еден бетінің түсін және фактурасын өзгертумен қамтамасыз ету ұсынылады.

4.4.11 Акустикалық құрылғылар

4.4.11.1 Акустикалық құрылғылар және ақпарат құралдары көзі нашар көретін мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсетуге, сонымен қатар көрнекі ақпаратты аса жауапты орындарда қайталауға арналған. Оларға:

- дыбыстық маяктар;
- шу индикаторлары;
- дыбысты шығару құралдары, сөйлеу синтезаторлары;
- көрермендер залындағы индукциялық түйін және басқа электр акустикалық (дыбыс күшейткіш) аспаптар жатады.

4.4.11.2 Дыбыс маяктары (электр, механикалық немесе ажыратқыштар түріндегі жетегі бар электронды, фотоэлементтер, сенсорлы ажыратқыштар, соңғы электр ажыратқыштар және т. б.) МЕМСТ 21786 талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Оларды әрекет етуге келтіретін жетек аппаратурасы жолдың ескертілетін жер теліміне дейін кемінде 0,8 м болуы тиіс.

4.4.11.3 Шу индикаторларын дыбыс өткізбейтін үй-жайларда немесе субъективті шығатын шулардың болжамдық деңгейлеріндегі үй-жайларда қолдану ұсынылады.

4.4.11.4 Интернат үйлер ғимараттарында немесе аумақтарда жалпы қолданылатын таксофондарды қарастыру ұсынылады, олардың біреуінде мәтіндік телефон аппараты болуы тиіс.

4.4.11.5 Қоғамдық телефондар арасына нашар еститіндер үшін индуктивтік құрылғысы бар анық белгіленген аппаратты орнату ұсынылады.

4.4.11.6 Телефон байланысының соңғы құрылғылары әкімшілік, қызметтік және кезекші қызметкерлер кабинеттерінде қарастырылады.

25 тұрғынға бір-екі таксофон есебінен таксофондарды халықты әлеуметтік қорғау мекемесі ғимараттарының вестибюльдеріне, сондай-ақ қабаттарға орнату мүмкіндігін қарастыру керек:

- жасы ұлғайған азаматтар және мүгедектігі бар адамдар үшін интернат үйлердің тұрғын бөлімдерінде;
- медициналық-педагогикалық түзету, әлеуметтік-оңалту профильдік,

психоневрологиялық интернаттардың жоғары деңгейлі бейімделу және дербес белсендікті тұлғаларға арналған бөлімдер;

- аумақтық орталықтардың стационарлық бөлімдері.

Қосымша құрылғылардың қажеттілігі мен көлемі жобалауға берілген тапсырмамен анықталады.

4.4.11.7 Есту қабілеті нашар мүгедектігі бар адамдарды хабардар ету үшін дыбыс сіңіргіш беттерді қарастыру ұсынылады (тесік қалдырылған немесе қатпарлы акустикалық төбе, кілем жабындары және т. б.).

4.4.11.8 Есту қабілеті бұзылған адамдардың келуіне есептелінген үй-жайларда қосымша дыбыс күшейткіш жүйелерді қарастыру ұсынылады.

4.4.11.9 Ғимараттар мен үй-жайларда қорғайтын дыбыс режимі (40 дБ аспайтын) және қабырғалар мен төбелердің шуылды сіңіргіш қаптамаларын, дыбыс өткізбейтін конструкцияларды қолдану арқылы шуылдан қорғайтын шараларды қарастыру ұсынылады. Қаптама плиталарындағы перфорация плита бетінің кемінде 20 % құруы тиіс, саңылаулар диаметрі 3 - 5 мм. Дыбыс сіңіргіш қондырғыларға арналған беттер болмағанда экрандар, аспалы элементер және т. б. түріндегі дыбыс сіңіргіштерді даналап қолдану ұсынылады. Даналық дыбыс сіңіргіштер көлемдерін дыбыс сіңіргіш материалдармен іштей толтырылатын тесігі бар табақтардан орындалады және шуыл көздеріне жақын орналасады.

4.5 Конструктивтік шешімдер

4.5.1 Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау барысында құрылыстың үнемділік және индустриаландыру талаптарының ең жоғарғы деңгейіне жауап беретін конструктивтік шешімдерді қолдану керек.

4.5.2 Белгілі көтергіш конструкциялар үшін сенімділік деңгейін анықтау кезінде көтергіш конструкция элементтерін жіктеу, сол сияқты көтергіш конструкцияны жалпы жіктеуді жүргізуге жол беріледі.

4.5.3 Конструктивтік шешім және оны жүзеге асыруға арналған материалдарды таңдау ғимараттар мен құрылыстардың габариттерімен, олардың төзімділігі мен беріктігін, сәулет-эстетикалық, экономикалық және т. б. талап ететін олардың мақсатымен және функционалдық ерекшеліктерімен анықталады.

4.5.4 Интернат үйлер ғимараттары конструкциясының сенімділігі, беріктілігі мен орнықтылығы механикалық қауіпсіздігін бойынша қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы аумағындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар ережелеріне сәйкес есептеу қажет.

4.5.5 Сейсмикалық аудандардағы құрылыс үшін жобаланатын немесе реконструкцияға, күшейтуге (қалпына келтіруге) тиісті конструкцияларды және ғимараттар мен құрылыстар негіздерін есептеу сейсмикалық әсерлерді ескеру арқылы негізгі және ерекше жүктемелер үйлесімінде орындалуы тиіс.

4.5.6 Ғимараттар мен құрылыстарды есептеулерде көлденең және тік сейсмикалық жүктемелердің қарастырылып отырған элементің кернеу-деформациялық күйі үшін аса жарамсыз бағыттарын қабылдай отырып, белгісінің өзгеру сипатын ескеру керек.

4.5.7 Арақабырғалар, қаңқалармен толтыру, ауыр қаптамалар және олардың бекіткіштері түріндегі көтергіш емес қабырғалардың беріктігі жазықтықтағы көлденең есептік сейсмикалық жүктемелердің әсер етуін есептеумен айғақталуы тиіс.

4.6 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау

4.6.1 Сумен қамту және кәріз жүйелері

4.6.1.1 Интернат үйлер кәріз, сумен қамтамасыз ету жүйелері ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес жобалануы қажет.

4.6.1.2 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлер ғимараттарының инженерлік жабдық жүйелеріне мыналар жатады:

- сумен жабдықтау және кәріз жүйелері;
- жылыту және желдету;
- электрмен жабдықтау;
- байланыс және сигнализация.

4.6.1.3 Таза су құбыры қазылған орындарға, септиктерге, дренаж арықтарына, су ағатын шұңқырларға, сонымен қатар олардың астына немесе олардың айналасына орналаспауы тиіс.

4.6.1.4 Су бөлетін армаураға берілетін ыстық су температурасы 37 °С аспауы тиіс.

4.6.1.5 Ваннадағы, бассейндегі судың есептік температурасы кемінде 29 °С болуы тиіс.

4.6.1.6 Дәретхана, душ және ванна бөлмелерінде сүлгі кептіргіштерді қарастыру керек.

4.6.1.7 Ыстық сумен жабдықтау жүйесі айналыммен жобаланады.

4.6.1.8 Суық және ыстық су құбырының, кәріз жүйесінің және ішкі суағарлар тіреушелері жасырын жүргізіледі.

4.6.1.9 Сантехникалық аспаптарға (технологиялық аспаптарды қоспағанда) суық және ыстық суды беруді термоараластырғыштарды орнату арқылы қарастыру керек.

4.6.1.10 Қолжуғыштар және тұрғын душ ұяшықтарының шүмектеріне температурасы 50 °С жоғары ыстық суды беруді болдырмайтын термостатикалық реттегіштерді орнату керек.

4.6.1.11 Сорғы қондырғыларын (өрт қондырғыларынан басқа) араластырып, сонымен қатар жатын бөлмелерінің, оқыту және емдеу-диагностикалық үй-жайларының үстіне және астына орналастыруға жол берілмейді.

4.6.1.12 Сорғыға арналған үй-жай немесе батырылған сорғының айналасындағы қоршалған кеңістік құрғатылған және жылытумен немесе басқа бекітілген әдістермен қатып қалудан қорғалуы тиіс. Егер сорғылар жертөледе орнатылған болса, олар тұғырға немесе жертөле едені үстінен кемінде 0,45 м биіктіктегі сөреге көтеріп қойылуы тиіс.

4.6.1.13 ***Алынып тасталды - ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы***

4.6.1.14 Шаруашылық-ауыз су құбырларының желісіндегі шланганы (жеңді) жалғауға арналған жеке шүмекті тұрғын ұяшықтарында ерте кезеңдегі өрт сөндіруді бірінші орнату ретінде қолдану мүмкіндігі мақсаттарында қарастыру ұсынылады.

Шланга тұрғын үй ұяшығының кез-келген нүктесіне ағыстың ұзындығы 3 м суды беру, ұзындығы кемінде 15 м, диаметрі 19 мм болуы мүмкіндігін қамтамасыз ету және

тозаңдатқышпен жабдықталуы тиіс.

4.6.2 * Жылыту, желдету және ауа баптау

4.6.2.1 Үй-жайлардағы есептік ауа температурасы мен ылғалдылық ҚР ЕЖ 4.02-101 сәйкес қабылданады.

4.6.2.2 * Механикалық қозғауды тартып-сору желдеткішін мынадай үй-жайларда қарастыру керек:

- төсек тартып жатқан науқастар мен арбадағы мүгедектігі бар адамдарға арналған;
- үш және одан көп аспаптар мөлшерінде душ және дәретхана;
- емдеу, клизма жасайтын;
- бос уақытты өткізу және дене шынықтыру-сауықтыру;
- тамақ дайындауға және қабылдауға арналған;
- кір жуатын орын жәнеөндірістік шеберханалар;
- зиянды және жағымсыз иісті заттарды бөлетін.

Барлық басқа үй-жайлар үшін желдетудің табиғи жүйелерін қарастыру керек. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)***

4.6.2.3 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттар қатынай алатын санитарлық-гигиеналық үй-жайларда суық және ыстық сумен жабдықтау және кәріз жүйесі болуы тиіс. Кабиналарда аспаптар кешені қолданылатын санитарлық тораптарда унитазда отырып қолжуғышты қолдану мүмкіндігін ескеру ұсынылады.

4.6.2.4 Басқыштардың торларында 0,01 м артық саңылауы болуы, сонымен қатар су қозғалысының бағытына қатысты саңылаулардың бойлай және диагоналды (30 ° және кем) орналасуы тиіс.

4.6.2.5 Жылумен қамтамасыз ету жүйелерін жобалау барысында тәуелсіз көздерден, немесе сақиналық жылу магистралдарынан жылудың екі енгізу қарастырылады. Тек бір енгізу жылуы болғанда, жобаланатын жер телімінен жеке немесе аралас резервтік қазандық қарастырылады.

4.6.2.6 Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған интернат үйлер ғимараттарын жылыту, әдеттегідей, орталық сумен қабылданады.

4.6.2.7 Жылыту жүйелерінің қыздыру аспаптары, әдеттегідей, қуыстары жоқ терезелер астына орналастырылады.

4.6.2.8 Әдеттегідей, жылыту жүйелерінде жеңіл тазалауға жол беретін тегіс бетті қыздыру аспаптары қолданылады.

4.6.2.9 Жылыту, желдету жүйелерінің құбырларын және аражабындар арқылы ауа баптауды жүргізген кезде арақабырғалар және ғимарат қабырғаларын гильзалармен нығыздау қарастырылады.

4.6.2.10 Қыс мезгіліндегі есептік температураны және үй-жайлардағы ауа алмасуд И қосымшасына сәйкес қабылдау керек.

4.6.2.11 Механикалық қозғаушысы сору желдеткіші ұйымдастырылған келу құрылғысынсыз автоклавтық, жуатын бөлме, душ, дәретхана және санитарлық бөлме жайларынан қарастырылады.

4.6.2.12 Бөлімдер немесе ұқсас санитарлық-гигиеналық талаптары және жұмыс

ұзақтығы бар үй-жайлар топтары, әдеттегідей, бір орталықтандырылған желдеткіштің тартып-сору жүйесімен жабдықталады.

4.6.2.13 Аралас құрылымы бар және әртүрлі санитарлық-гигиеналық талаптағы ғимараттар үшін үй-жайлардың әрбір топтарына, сондай-ақ әртүрлі жұмыс ұзақтығымен желдетудің қайта орталықтандырылған жүйесі орнатылады (резервтік желдеткіштер саны ҚР ЕЖ 4.02-101 сәйкес қарастырылады).

4.6.2.14 Автоматты өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталған қызмет көрсетілетін үй-жайлардың тарту, сору ауа өткізгіштерінде автоматты өрт сөндіру жүйелерімен блокталған электр жетегі бар автоматты жапқыштар (клапандар) қарастырылады. Жапқыштар үй-жайлардың қызмет көрсетілетін ауа өткізгіштеріне тікелей жақын орнатылады.

4.6.2.15 Сору шкафтарымен жабдықталған В дәрежелі үрдістермен үй-жайдың сору желдеткішінің мынадай жүйесі жобаланады:

- әрбір үй-жай үшін жеке ауа өткізгіші және желдеткіші бар сору шкафтарымен қайта орталықтандырылған жүйе;

- сору ауа өткізгіштері әрбір жеке үй-жайдан ғимарат шектерінен тыс орналастырылған жинау тік немесе сору жүйелерін жабдықтауға арналған үй-жайлардағы техникалық қабатқа орналастырылған көлденең коллектор біріктірілетін орталықтандырылған жүйе.

Сору желдеткішінің орталықтандырылған жүйесінде үй-жайларға кіретін ауа өткізгіштердің тармақтарында отты бөгейтін клапандарды орнату қарастырылады.

4.6.2.16 Ауа баптайтын үй-жайлардағы есептік ауа температурасы салқын, сол сияқты жылы жыл мезгілдері үшін жобалауға берілген тапсырмаға сәйкес қабылданады, ал ауаның қозғалу жылдамдығы 0,15 м/с аспауы тиіс.

4.6.2.17 Тарту желдеткіш және ауа баптау жүйелерімен берілетін сыртқы ауа сүзгілерде тазаланады.

4.6.2.18 Сүзгілер конструкциясы және оларды орнату орындары сүзу элементтерінің ластану шамаларына қарай қолайлы тазалауға немесе ауыстыруға мүмкіндік беруі тиіс.

4.6.2.19 Ауа алмасуы қысқа үй-жайларда тарту ауасы бойынша 1,5 және одан көп сағат тікелей үй-жайға ауаны беру керек. Қалған жағдайларда есіктің тығыз емес жабылуы арқылы ауаның дәліздерден берілуіне жол беріледі.

Желдің 5 м/с және одан артық есептік жылдамдықты аудандарда жатын үй-жайларда ауаны жинау қарастырылады.

4.6.2.20 Ауа, әдеттегідей, үй-жайдың жоғарғы аймағына беріледі.

4.6.2.21 Әртүрлі санитарлық-гигиеналық талаптағы және тәулік ішіндегі бірдей жұмыс ұзақтығындағы үй-жайлардағы ауа баптау кезінде, әдеттегідей, орталық көп аймақты жүйелер қарастырылады.

4.6.2.22 Олардың талап етілетін ауа баптау параметрлерін қамтамасыз ету шартымен басқа типті ауа баптауды қолдануға жол беріледі.

4.6.3 Электрмен жабдықтау құрылғысының жүйесі

4.6.3.1 Жалпы жарықтандыру жүйесі кезінде жұмыс беттерінің аз жарықтандыруы, жарықтандырудың сапалы көрсеткіштері және жеке үй-жайлар үшін ұсынылған жарық

көздері ҚР ЕЖ 2.04-104 талаптарына сәйкес қабылданады.

4.6.3.2 Электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету деңгейі бойынша бірінші дәрежеге мынадай интернат үйлердің элеткр қабылдағыштары жатады:

- өртке қарсы құрылғылар, күзет сигнализациясы, лифтілер мен эвакуациялық жарықтандыру;

- интернат үйлердің басқа электр қабылдағыштары екінші дәреже және электрмен жабдықтау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жартылай үшінші дәрежеге жатады.

4.6.3.3 Интернат үйлер аумағындағы сыртқы жарықтандыру желісін қоса алғанда, барлық электрлік желілер, әдеттегідей, кабельмен орындалады.

4.6.3.4 Барлық жайларда штепсельдік розеткалардың орналасуы технологиялық тапсырмамен анықталады.

4.6.3.5 Интернат үйлердің жекелеген ғимараттары және ТП арасындағы арақашықтық кемінде 15 м болуы тиіс.

4.6.3.6 Интернат үйлердегі электр жарықпен емдеуге арналған үй-жайларда немесе медициналық қызметкерлердің бір постымен қызмет көрсететін осындай үй-жайлар тобына енгізудегі басқару аппаратымен және әрбір фазадағы кернеуді бақылаумен тарату қалқаны орнатылады.

4.6.3.7 Әрбір емдеу кабинасына еден деңгейінен 1,6 м биіктікте кабина қалқаны орнатылады.

4.6.3.8 Тарату қалқандарындағы қорек желілері және кабина қалқандарындағы топтық желілер өз бетімен орындалады.

4.6.3.9 Жатын үй-жайларда жатын бөлменің әрбір толық және толық емес 6 $м^2$ ауданына жерлендіру түәспесі бар кемінде бір штепсель розеткасы қарастырылады.

4.6.3.10 Интернат үйлер үй-жайын жалпы жарықтандыру, әдеттегідей, энергияны үнемдеу шамдарымен орындалады.

4.6.3.11 Жатын бөлмелерді жарықтандыру үшін еден деңгейінен 1,7 м биіктікте әрбір төсек басына орнатылатын қабырғалық құрамдастырылған шамдар (жалпы және жергілікті жарықтандыру) қолданылады. Тұрғын үй-жайларда қосымша жалпы жарықтандыру (төбе шамы) қарастырылады.

4.6.3.12 Жүйке ауруы науқастарының тұрғын үй-жайлары үшін тек төбе шамдарымен жалпы жарықтандыру қарастырылады.

4.6.3.13 Төбеге орнатылған жалпы қолданыстағы шамдарда кемінде IP 20 қорғаныс деңгейі болуы тиіс.

4.6.3.14 Дәрігерлер кабинетіндегі еденнен 1,7 м биіктікте кушеткаларға науқасты қарауға арналған қабырға шамы орнатылады.

4.6.3.15 Жалпы жарықтандыру ажыратқыштары жатын бөлмелерге кіретін есік дәліздеріне, жергілікті жарықтандыру – мүгедектігі бар адам немесе қарттардың төсегінің жанына орнатылады.

4.6.3.16 Жер телімі және ғимаратқа кіретін есіктердегі шамдарды (жарықтандыру арматурасы) ғимарат немес қоршау қақпаларына немес элементтеріне тікелей бекіту керек.

4.6.3.17 Тіректердегі, қозғалыс жолдарындағы шамдарды қорғанысты сәндік бөгеулермен қоршау немесе оларды кемінде 0,75 м биіктікте шағын сәулеттік үлгілер

құрамына (қоршау ғимаратына, бағаналарға) орналастыру керек.

4.6.3.18 Шамдарды ғимараттар және құрылыстардың стационарлық конструкцияларының тік, көлденең немесе көлбеу беттеріне немесе стационарлық жабдық элементтеріне: тұтқыштарға немесе тұтқыш артындағы қабырға орнына, баспалдақтың басқыштарына, қабырғалар жазықтығына немесе көлденең немесе көлбеу еден жабындарына бітеу ұсынылады.

4.6.3.19 Қозғалыс жолдарындағы жарықтандыру аспаптарының жарық ағыны қозғалыс жолағының деңгейінде кемінде 40 лк жарықтандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл жағдайда ол жаяу жүргіншілердің көздерін шағылыстырмау және белгілерді, көрсеткіштерді, бағдаршамдарды және жарық маяктарына жарық түсірмеуі тиіс.

4.6.3.20 Жүйке ауруы науқастарының жатын бөлмелердегі жалпы және түнгі жарықтандыру ажыратқыштарын жабылатын есіктері бар арнайы қуыстарға дәліздерге орнату керек. түнгі жарықтандыру шамдарын қуаттандыру апатты жарықтандыру желісінен жүргізілуі тиіс.

4.6.3.21 Баспалдақ торларын, дәліздерді эвакуациялық жарықтандырумен, ғимаратқа кіретін есіктерді жарық көрсеткіштерімен басқару орталықтандырылған қашықтық немесе автоматты басқару өрт дабыл пост үй-жайынан немесе кезекші қызметкерлер үй-жайлары немесе жарықтандыру қалқандарынан қарастырылады.

4.6.3.22 Шығатын есік бағытын көрсететін «Шығу» жарық көрсеткіштері баспалдақ торларына кіретін есіктерде, дәліздерде, бірінші қабаттан шығатын есіктерде, сонымен қатар қызметтік үй-жай ретінде қолданылатын жертөледен шығатын есікте, мәдени-жаппай мақсаттағы үй-жайлардан шығатын есіктерге, әкімшілік-тұрмыстық корпустарға және жасанды жарығы жоқ үй-жайлардан шығатын есіктерде қарастырылады.

4.6.3.23 Үй-жайлар мен жабдықтар беттерінің күңгірт бояуы шағылысу коэффициенттерін сақтау арқылы ұсынылады: төбе - 70 %, қабырғалар - 60 % (жоғарғы аймақ) және 50 % (төменгі аймақ), жабдық - 35 %, еден - 25 % - 30 %.

4.6.3.24 Құрамдастырылған жарықтандыру жүйесінде жарық режимінің көру қолайлылық аймағын аса қорғайтын және ұлғайтатын көздері ретінде шамдарды қолдану ұсынылады.

4.6.3.25 Жергілікті нүктелік жарықтандыру шамдарында: шағын өлшемдері, жарық ағынының биіктігін және бағытын өзгерту мүмкіндігі, негізгі мықтап бекіту болуы тиіс.

4.6.3.26 Көру қызметінің бұзушылығы бар мүгедектігі бар адамдар қолданатын дәліздерде және үй-жайларда апатты жарықтандыруды қарастыру ұсынылады (кемінде 0,5 лк еденге түсетін жарықтандыру деңгейімен).

4.6.3.27 Өзіне-өзі қызмет ететін гардероб үй-жайларында шкафтарға есікті ашқан кезде автоматты қосылатын жеке шамдарды қарастыру ұсынылады. Әрбір шеткі шкафтың шеткі қабырғасына еден деңгейінен 1,55 м - 1,6 м биіктікте қатар нөмірі және қатардағы шкаф нөмірлері жазылған бедерлі тақта-көрсеткішті орнату ұсынылады.

4.6.3.28 Осы аймақтарға әйнек экрандарды орнату ұсынылмайды, себебі олар қабылдау назарына кедергі келтіретін кескіндер мен сәулені беруі мүмкін.

4.6.3.29 Электр желілерін қорғау, әдеттегідей, автоматты ажыратқыштармен орындалады.

4.6.3.30 Электр желілерінің сымдары, әдеттегідей, жасырын ауыстырылатындармен

орындалады.

Ашық сымдар жертөлелерде, еден астыларында, техникалық қабаттарда, инженерлік қызмет үй-жайларында, коммуникациялық шахталарда, дымқыл және өте дымқыл үй-жайларда жасалады.

4.6.3.31 Барлық қуаттандырушы, таратушы және топ желілері мыс және алюминий өзектері бар сымдардан жасалады.

Медициналық қызмет көрсету үй-жайларында медициналық жабдық және аппаратураны электр энергиямен қоректендірудің бес сымды жүйесімен қолданылады.

4.6.3.32 Интернат үйлерде жерге тұйықтаудың (нөлдендірудің) мынадай түрлері қолданылады:

- нөлдік жұмыс сымы және электр сымның болат құбырлары арқылы жүзеге асатын қорғаныстық нөлдендіру;

- келесі түрде орындалатын нөлдік сымды жерге қайта тұйықтау:

а) 10 Ом аспайтын жол берілген кернеуі бар жерге тұйықтау құрылғысы электр қалқанды ғимараттағы енгізу-тарату құрылғысындағы нөлдік шинаға қосылады;

б) қуаттандыру желісінде – бір жағынан енгізу-тарату құрылғысының нөлдік шинасына, ал екінші жағынан – топтық немесе тарату қалқанымен орнатылатын нөлдік сымның қайта жерге тұйықтайтын арнайы клеммасына (шинасына) қосылатын бесінші оқшауланған сыммен;

Бесінші сым қуаттандыру желісімен бір құбырға жүргізіледі.

в) топтық және тарату желісінде – нөлдік сымды қайта жерге тұйықтау көрсетілген арнайы клеммниктен (шанадан) электр қабылдағышқа дейін қосымша оқшауланған сыммен.

Қосымша сым топтық немесе тарату желісімен бір құбырға жүргізіледі.

4.6.3.33 Жұмыстың жерге тұйықтауы талап етілетін медициналық қызмет көрсету үй-жайлары үшін ғимарат сыртында, кез келген жерге тұйықтау құрылғысынан кемінде 15 м арақашықтықта орналасқан 2 Ом аспайтын жол берілген кедергісі бар жерге тұйықтау құрылғысы орналастырылады.

4.6.3.34 Клеммникке жұмыс жерге тұйықтауды тармақтауды қысқыштың көмегімен магистральды үзбей орындалады.

4.6.3.35 Апатты сигнал диспетчер пунктіне, ал диспетчер пункті болмаған жағдайда, – кезекші техникалық қызметкерлер үй-жайынан шығарылады.

4.6.3.36 Диспетчерлік пункт, әдеттегідей, жүктемелер ортасына орналастырылады.

4.6.4* Қоқыс шығару

4.6.4.1 Жобаларда қоқысты және шаңды жою жағдайын жеңілдететін заманауи жабдықты, оның ішінде вакуумды шаңды жоюды қарастыру керек.

Ғимараттан қоқыс шығару құралдары елді мекенді тазалау жүйесімен келісілуі тиіс.

4.6.4.2 * Биіктігі екі және одан көп қабатты үй-интернат ғимараттары (сыйымдылығы қоса алғанда 50 орынға дейінгі екі қабатты МӘМ ғимараттарынан басқа) бір орынға тәуліктік қоқыстың жиналуы 0,6 кг есебінен тұрғын үй-жайлар тобына жобаланатын қоқыс салғыштармен жабдықталуы тиіс. ***(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК***

17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)

4.6.4.3 Қоқыс салғыштардың бағандары температурасы кемінде 5 °С үй-жайларда тұруы тиіс. Қоқыс салғыштар бағандарын тұрғын топтардың санитарлық бөлмелерінің жанына орналастыру керек. Қоқыс салғыштар бағандары мен жүктеу клапандарын қабат дәліздерінен 2-ші типті өртке қарсы арақабырғалармен бөлу керек.

Қоқыс салғыштың бағаны жанбайтын материалдан жасалынуы, тазалау, жуу және дезинфекциялау мүмкіндігі болуы, герметикалық және ғимараттың құрылыс конструкцияларынан дыбыспен оқшауланыуы тиіс.

4.6.4.4 Барлық әрлеу және герметикалық материалдарында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалар болуы тиіс.

4.6.4.5 Қоқыс салғыштар 25 дБ артық шуыл деңгейін шығармауы тиіс.

4.7 Қоршаған ортаны қорғау

4.7.1 Интернат үйлер ғимараттарын, құрылыстарын жобалау барысында қоршаған ортаға жол берілетін антропогендік жүктемелер нормативтері ескерілуі, қоршаған ортаны ластауларды ескерту және жою жөніндегі шаралар, қоршаған ортаға, табиғи ортаны қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды тиімді қолдануға және шығаруға мүмкіндік беретін ресурс сақтаушы, аз қалдықты, қалдықсыз және басқа ең жақсы қолданыстағы технологиялар қолданылуы тиіс.

4.7.2 Құрылыс жұмыстары кезінде негізгі ластану көздері:

- бұрғылау-жару жұмыстары;
- қазаншұңқыр және ор қазу құрылысы;
- топырақты өңдеудің гидравликалық тәсілін қолдану;
- ағаштар мен бұталарды кесу;
- топырақты алаумен өртеу;
- топырақ қабатының бүлінуі және құрылыс алаңындағы ластануларды шаю;
- құрылыс қоқысы қалдықтарының пайда болуы;
- автокөлікті және құрылыс аймағында қолданылатын басқа да механизмдер лақтырындылары.

4.7.3 Әртүрлі құрылыс жұмыстары кезіндегі қоршаған ортаға кейбір кері әсерлер мен оларды азайту және алдын алу бойынша шаралар Л қосымшасында берілген.

4.7.4 Құрылыс үдерісінде іргелес аумаққа құрылыс механизмдерінен және автокөліктен берілетін шу әсер етеді. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары сияқты, бұл әсер болмай қалмайтын және уақытша болып табылады.

4.7.5 Барынша тараған құрылыс қалдықтарын пайдаланудың ықтимал нұсқасын экологиялық бағалау мысалы М қосымшасында келтірілген.

4.7.6 Құрылыс алаңында жаңбыр суларын және қар суларын қолданылатын нөсер кәріздерінің желісіне бұру жүйесін ұйымдастыру керек.

Беткі сулардан ластанудан ескерту шаралары ретінде қалдықтарды ұйымдастырылған түсіру және шығару, аумақты тұрақты жинау қарастырылуы тиіс.

4.7.7 Беткі суларға әсерлерді төмендету нысанды салу кезінде келесі шарттарды орындау арқылы қол жеткізіледі:

- құрылыс алаңын таза ұстау керек;

- жұмысшылардың тұрмыстық қажеттіліктері үшін биодәретханалар қолданылуы тиіс.

- құрылыс басталғанға дейін топырақты құрылыс алаңынан қала көшелерінің жүретін жолына шығаруды болдырмау үшін қатты жабынды кірер жолды орнатуды орындау керек, ал құрылыс кезінде автомобиль көлігінің дөңгелектерін сумен жууды орындау керек.

4.7.8 Егер құрылыс алаңы аумағында, өтетін жолдарда және тұрақтарда ағаштар өссе, ағаштарды кесу басқару органдарымен келісіледі, ал көгалдандырылған жағдайда, жаңа ағаштарды отырғызу қарастырылады.

Құрылыс кезінде аталған экологиялық жүйені негізгі қорғау шарты ағаштарды сақтау болып табылады. Жұмыстарды жүргізу кезінде көліктердің жүруіне және тұрақтауына, механизмдер жұмысын ағаш бастарының шегінен 1 м жақын механизм жұмыстарына тыйым салынады. Осы талаптарды түпкі жүйелер үшін орындау мүмкін болмаған жағдайда, арнайы қорғаныс жабыны төселуі тиіс.

4.7.9 Ағаш бағандарының жер бетінің белгілерінің артуы 0,05 м аспауы тиіс. Себу үшін ірі түйіршікті құмдар, малтатасты немесе қиыршықтасты топырақтар жарамды. Дренаждалмаған топырақтарды негізгі жүйе шектерінде төсеу, сондай-ақ ағаш тамырларындағы топырақты алуға жол берілмейді.

Ойықтарды өңдеуді бағаннан 2 м алыс жүргізу керек.

4.7.10 Ағаштарды сақтау мақсаттарында жұмыстарды өндіру аймағында мыналарға жол берілмейді:

- ағаш бағандарына шегелерді, белгілерді бекітуге арналған істіктерді, қоршауларды, сымдарды қағуға;

- бағандарға немесе бұталарға әртүрлі мақсаттарға арналған сымды байлауға;

- ағаштар белсенді өсетін аймақта бағандарды, қадаларды көмуге немесе қағуға;

- ағаш басының астына материалдарды, конструкцияларды текшелеп жинауға, құрылыс және көлік машиналарын қоюға.

Ағаш бағандарының радиусы 10 м аймағында:

- жұмыс істейтін машиналарды орнатуға;

- жерге химиялық белсенді заттарды (тұздар, тыңайтқыштарды және т. б.) қаттап жинауға тыйым салынады.

4.7.11 Құрылыс алаңы аумағынан қоқысты шығару айына кемінде 1-2 рет жүзеге асырылады.

5 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

5.1 Энергия үнемдеу және жылу шығынын азайту

5.1.1 Энергия тұтынуды қысқарту мақсаттарында пайдалануға енгізілетін үй-интернаттар ғимараты келесілермен жабдықталуына артықшылық беріледі:

- жалпы қолдану орындарында қолданылатын алғашқы екеуінен төмен емес

энергетикалық тиімділік класты (егер кластары белгіленген болса) жылыту аспаптарымен, лифттермен;

- ғимаратқа, құрылысқа кіретін есікте, сонымен қатар ғимарат қасбеті немесе бөлігінде орнатылған жылуды жылытқыштарға беруді автоматты реттеу құрылғыларымен;

- термостаттармен және жылыту аспаптарында орнатылған тұтынылған жылу энергиясының шығынын өлшеуіштермен;

- оның температурасын автоматты реттеу құрылғысымен ыстық сумен жабдықтауға суды қыздыруға арналған жылу алмастырғыштармен;

- қысқы мезгілде қолданылмайтын уақытта үй-жайлардағы ауа температурасын автоматты төмендету құрылғыларымен;

- түнгі уақытта суықты жинақтауға арналған салқындатылған аражабындарды қолдану есебінен суықпен жабдықтау жүйелерінде шектік жүктемені төмендетуге мүмкіндік беретін құрылғылармен;

- жалпы пайдалану орындарда энергияны үнемдейтін жарықтандыру аспаптарымен;

- жалпы пайдалану орындарда адамдар болмаған кезде жарықтандыруды сөндіруді қамтамасыз ететін жабдықпен (қозғалыс датчиктерімен, ажыратқыштар);

- есік жапқыштармен;

- жылу энергиясының барынша төмен жұмсалуын қамтамасыз ететін кіріс топтарының тамбурларындағы екінші есікпен немесе айналмалы есіктермен;

- терезелерді ашу шектеуіштерімен.

Ескертпе - Ғимараттар мен құрылыстардың энергиялық тиімділік кластарын анықтау тәртібі К қосымшасында берілген.

5.1.2 Күндізгі жарықты тиімді қолдану жасанды жарық қажеттілігін ең төменгі шекке келтіре отырып, энергия тұтынуды төмендетеді. Ғимараттарда мыналарды қамтамасыз ету ұсынылады:

- жарық жақтары бойынша ғимаратты дұрыс бағдарлау арқылы күндізгі жарықтандыруға мүмкіндік;

- күндізгі жарық үшін қолжетімсіз кеңістікті барынша азайтады.

5.1.3 Күн радиациясының жылуды сіңіруінің төменгі коэффициентін қамтамасыз ету үшін ғимарат қабырғалары мен шатырларын бояған кезде ашық реңдерді қолдану ұсынылады.

5.1.4 Жылыту мен ауа баптау жүйесінің оңтайлы жұмысы экологияны, қауіпсіздік пен энергияны тұрақты техникалық қызмет көрсету мен білікті қызметкерлер жүйесін тексеру арқылы қамтамасыз етуі қажет.

5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

5.2.1 Жобалау үдерісінде беткі жатқан қабат сапасын және күйін анықтайтын инженерлік-геологиялық іздеулер жүргізілуі керек.

Құнарлы топырақ қабаты жергілікті әкімшіліктің келісімімен қала аумақтарын абаттандыруда кейінгі шығару үшін кесуге жатады. Қалған топырақ алаң шекарасында

қатталып жиналады, ал құрылыс аяқталғанда көгалдарға себу үшін қолданылады.

Қазандықты және орларды қазу кезінде пайда болған минералдық топырақтың артығы алаңнан шығарылады және төмендерді көму үшін немесе оқшаулау қабаты ретінде қолданылауы мүмкін. Шығару орны жергілікті әкімшілікпен келісіледі.

5.2.2 Жобалау және құрылыс барысында люминесценттік шамдарды, газразрядты шамдарды, аккумуляторларды, электрониктерді және т. б. жоюға арналған қойма үй-жайларын қарастыру ұсынылады.

5.2.3 Қайта өңдеуге арналған материал мөлшері салмағы немесе көлемі бойынша белгіленеді және есептелінеді.

5.2.4 Суды тұтынуды төмендету үшін ұсынылады:

- су ағар жүйесінде тазартылған немесе жаңбыр суын алдын ала тазалау және зарарсыздандыру арқылы қолдану;
- әрбір тұтынушы үшін ыстық және суық су есептеуіштерін орнату;
- судың жұмсалуын шектеуіштерді орнату;
- аз суаруды талап ететін өсімдіктерді отырғызу;
- жер телімі аумағына жергілікті климатқа бейімделген өсімдіктерді отырғызу және оларды суару үшін тазартылған немесе жаңбыр суын қолдану;
- кәріз жүйесімен қолданылған суды барынша пайдаға асыру, оларды тазалау және қайтадан пайдалану.

5.2.5 Су өлшегіш құрылғыларды сумен қамтамасыз етілген барлық нүктелерде қолдану ұсынылады.

А* қосымшасы
(ақпараттық)

Оқу-өндірістік үй-жайлар

А.1*-кестесі – Оқу-өндірістік мақсаттағы үй-жайлардың болжалды құрамы және аудандары *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, мекеменің сыйымдылығынан кем емес, орын		Ескертпе
	50-ден жоғары орын	қоса алғанда 50 орынға дейін	
1 Қоймасы бар сурет салу-сурет студиясы класы	54 + 18	30	
2 Қосымша үй-жайы бар компьютер класы	54 + 18	30	
3 Құралдар сақталатын қоймасы бар музыкалық жаттығу класы	54 + 18	-	
4 Әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, үй-жайлар немесе қонақтар қабылдау кабинеті	72 + 10	30	
5 Ақыл-ойы дұрыс мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған кітап қоймасы және оқу залы бар кітапхана*	1 орынға 0,6-0,8	59	
6 Қолөнер үйірмесі		30	
7 Үйірмелер үшін әмбебап үй-жайы		34	
8 Әдістемелік кабинет	36	-	
9 Педагог және шеберлер бөлмесі	24-54	-	Оқу-кәсіби дайындық үй-жайларының санына байланысты
10 Жиһаз, керек-жарақ қоймасы	24	-	
11 Ерлер мен әйелдерге арналған санитарлық тораптар	есеп бойынша	есеп бойынша	қабатқа тарату
12 Керек-жарақтар және қосалқы үй-жайлары бар оқу-өндірістік шеберханалар:			5-кестеде берілген мәліметтерді есепке алу арқылы
- тігін	36+12+10	-	

А.1*-кестесі – Оқу-өндірістік мақсаттағы үй-жайлардың болжалды құрамы және аудандары *(жалғасы)*

Шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, мекеменің сыйымдылығынан кем емес, орын		Ескертпе
	50-ден жоғары орын	қоса алғанда 50 орынға дейін	
- картонажды-түптеу	72+18+10	-	
- ағаш шебері	54+18+10	-	
- тоқыма	54+18+10	-	
- механикалық жинау	36 + 18	-	
- электр монтаж	36 + 18	-	
- токарь-фрезер	72 + 18	-	
- қыш-құмыра	54+18+10	-	
- аяқ-киім	36+12+10	-	
- қолөнер (тоқу, шыбық тоқу және басқалар)	36+12+10	-	
- аппаратураны және тұрмыстық техниканы жөндеу	36+18+10	-	
Қоса алғанда 50 орынға дейінгі МӘМ үшін кітапхана бөлмесі шахмат пен дойбы ойнауға рұқсат етіледі.			

Б* қосымшасы
(ақпараттық)

Мәдени-спорттық мақсаттағы үй-жайлар

Б.1*-кестесі - Мәдени-спорттық мақсаттағы үй-жайлардың болжамды құрамы және алаңы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Алаңы, мекеменің сыйымдылығынан кем емес, орын				Ескертпе
	50-ден жоғары орын		қоса алғанда 50 орынға дейін		
	1 орынға жалпы	жалпы	1 орынға жалпы	жалпы	
1а Көрермен залы: - тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға арналған - қалған мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған 1б 50 орынға мәжіліс залы: - тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға арналған - қалған мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған	1,8 1,2 - -	- - - -	- - 1,8 1,2	- - - -	Орындардың есептік санын 4.4.3.4-тармағына сәйкес қабылдау
2 Зал жанындағы эстрада	-	54	-		
3 Радио торабы бар кинопроекциялық	-	27	-	-	
4 Фойе	Көрермен-дер залында 1 орынға 1,2		Залда 1 орынға 1,2		Көрме залы, билеуге және ойындарға арналған зал ретінде пайдаланылады
5 Әртістерге арналған үй-жайлар	-	15×2	-	15	
6 Қолжуғышы бар санитарлық торап	-	3	-	2,9-3	
7 Радио торап	-	12	-	-	
8 Фильмовидеотека	-	18	-	-	

Б.1*-кестесі - Мәдени-спорттық мақсаттағы үй-жайлардың болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

Шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Алаңы, мекеменің сыйымдылығынан кем емес, орын				Ескертпе
	50-ден жоғары орын		қоса алғанда 50 орынға дейін		
	1 орынға жалпы	жалпы	1 орынға жалпы	жалпы	
9 Өрт постының үй-жайы	-	16-дан кем емес	-	16-дан кем емес	қоса алғанда 50 орынға дейінгі МӘМ үшін өрт постының үй-жайы кезекші/ күзет бөлмесімен біріктіріледі
10 Кабельдік теледидар студиясы	-	18	-	-	
11 Жиһаз және реквизит қоймасы	-	24	-	24	
12 Аппаратура қоймасы	-	8	-	7-8	
13 Мұражай	-	54	-	-	
14 Суретші бөлмесі	-	12	-	-	
15 Үйірме үй-жайлары: - қосымша үй-жайы бар театр үйірмесі	-	54 + 18	-	28+8	
- киім ауыстыруға арналған үй-жайы және санитарлық торабы бар билеу класы	-	72 + 18 + 3	-	-	
- керек-жарақтар және дайын бұйымдар қоймалары бар мүсіндеу театр үйірмесі	-	36 + 8 + 10	-	-	
16 Керек-жарақтар бөлмесі	-	36	-	-	
17 Шлюздегі қолжуғышы бар санитарлық торап	-	18 × 2	-	есеп бойынша	
18 Қызметкерлер дәретханасы	-	3 × 2	-	есеп бойынша	
19 Жеке гигиена кабинасы	-	4 × 2	-	-	Әйелдер дәретханасының жанына орналастыру
20 Спорт зал 12 × 24*	-	288 (12x24)	-	160	Сонымен қатар ЕФМ сабақтары үшін қолданылады

Б.1*-кестесі - Мәдени-спорттық мақсаттағы үй-жайлардың болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Алаңы, мекеменің сыйымдылығынан кем емес, орын				Ескертпе
	50-ден жоғары орын		қоса алғанда 50 орынға дейін		
	1 орынға жалпы	жалпы	1 орынға жалпы	жалпы	
21 Емдік-жүзу бассейнін кемінде 13 м × 18 м айна бар су арқылы қарастыру керек		432	-	-	жай габариті кемінде 18 м х 24 м
22 Спорт керек-жарақтарын сақтау	-	16	-	14	
23 Душ және санитарлық тораптары бар тірек-қимыл аппараты зақымданған мүгедектігі бар адамдарға арналған ерлер мен әйелдердің киімін ілуге арналған үй-жай	-	42 × 2	-	21х2	Әрбір шешінетін бөлмеге екі душ торы және бір унитаз. Қоса алғанда 50 орынға дейінгі МӘМ үшін әрбір шешінетін бөлмеге бір душ торы (1000х1800) және бір унитаз
24 Жүзу бойынша инструктор-әдіскер/ инструктор бөлмесі	-	12	-	12-14	
25 Санитарлық торабы бар әдіскер бөлмесі		10 + 4	-	-	Санитарлық торап құрамына унитаз, душ, қолжуғыш кіреді
26 Душ және санитарлық тораптары бар киім ілуге арналған үй-жай	-	36	-	-	
27 Жинау керек-жарақтар үй-жайы	-	6	-	4-7	
28 Медбике бөлмесі	-	10	-	-	
29 Спорт керек-жарақтарының қоймасы	-	8	-	-	
30 Құрғақ ыстық моншасы блогы: - құрғақ ыстық камерасы - душы бар ауыз бөлме - шлюзді қолжуғышы бар дәретхана - шешінетін	 - - - -	 10 10 3 10	 - - - -	 - - - -	Физикалық даму кемістіктері бар мүгедектігі бар адамдарға арналған мекемелерде ғана қарастырылады, медициналық
- демалу орны - керек-жарақ қоймасы	- -	12 4	- -	- -	қызмет көрсету үй-жай құрамында орналасуы мүмкін
1) Қоса алғанда 50 орынға дейінгі МӘМ үшін спорт залы мен емдеу-сауықтыру бассейніне арналған киім-кешек бөлмесін біріктіруге болады.					

В* қосымшасы
(ақпараттық)

Медициналық үй-жайлар

В.1*-кестесі – Медициналық қызмет көрсету үй-жайларының болжамды құрамы және алаңы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес					Ескертпе
	жүйке ауруы науқастарына арналған		Тірек-қимыл аппараты бұзылған науақастарға арналған және жалпы типті мекемелерде		МӘМ үшін	
	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
1 Медициналық жұмыс жөніндегі директор орынбасарының кабинеті		18		18	-	
2 Бөлім меңгерушісінің кабинеті	-	-	-	-	18-20	
3 Дәрігер кабинеті	15	15	15	15	15	
4 Аға медбике кабинеті	12	12	12	12	-	
5 Ем жасайтын бөлме	18	18	18	18	18-26	8-кестені есепке алғанда
6 Дәрі-дәрмек бөлмесі	8+4	10+6	8+4	10+6	10+14	Бұдан басқа есірткі қамтитын заттар сақтауға арналған бөлме қамтамасыз етіледі
7 Стоматологиялық кабинет	16	16	16	16	-	Бір креслоға
8 Акушер, фельдшер кабинеті	22	22	22	22	-	сол сияқты
9 Керек-жарақ қоймасы бар ЕФМ залы	60+12	60+12	60+12	60+12	40	

В.1*-кестесі – Медициналық қызмет көрсету үй-жайларының болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес					Ескертпе
	жүйке ауруы науқастарына арналған		Тірек-қимыл аппараты бұзылған науақастарға арналған және жалпы типті мекемелерде		МӘМ үшін	
	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
10 Жеке массаж жасау және ЕФМ оқыту кабинеті	18	18×2	18×3	18×6	24	6 киім ауыстыру үшін
11 Стерилиза-циялау бөлмесі бар ингалятория	16	24	16	24	-	
12 Гидропатия кабинеті	28	28	28	28	-	
13 Киім шешуге арналған үй-жай	14	14	14	14	-	
14 Сумен емдеу: - ванна залы - шешінуге арналған үй-жай - су асты массаж жасау кабинеті	 28 14 -	 54 18 -	 28 14 18×2	 54 18 18×3	 - - -	1 ваннаға 7-8 м². Бір ванна мүгедек-тіреуіштерге қызмет көрсетуге ыңғайлануы керек
15 Ваннасы бар 5х10 м емдеу-сауықтыру бассейні	-	-	50	50	50	Бір орынға 4-5 м² есебінен бір мезгілдегі сыйымдылығы 10-12 адам
16 Жарықпен емдеу кабинеті	12	16	12	16	-	
17 Электрмен емдеу кабинеті	-	-	28	54	-	
18 Қосалқы бөлме	-	-	10	12	-	Электрмен және жарықпен емдеу кабинеттері-

В.1*-кестесі – Медициналық қызмет көрсету үй-жайларының болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес					Ескертпе
	жүйке ауруы науқастарына арналған		Тірек-қимыл аппараты бұзылған науақастарға арналған және жалпы типті мекемелерде		МӘМ үшін	
	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
						нің жанында
19 Қосалқы үй-жайы бар аминозинді кабинет	-	-	18+6	18+6	-	
20 Озокеритті-парафинді-емдеу, қыздыру үй-жайы бар ыстықтай орау кабинеті	-	-	16+8	22+8	-	
21 Механикалық терапия кабинеті	-	-	28	54	-	
22 Электр ұйқы кабинеті	18	28	18	28	-	
23 Сенсорлық бөлме	-	-	-	-	27	
24 Оксигенонды - терапия кабинеті	14	20	14	20	-	
25 Психологиялық жеңілдену кабинеті	-	-	18	24	-	
26 Керек-жарақтар бөлмесі	24	36	24	36	10	
27 Персонал бөлмесі	12	12×2	12	12×2	-	
28 Медбике бөлмесі	-	-	-	-	18	санитарлық торабы және душпен
29 Шлюздегі қолжуғышы бар ерлер мен әйелдерге арналған санитарлық тораптар	16×2	18×2	16×2	18×2	есеп бойын-ша	
30 Әйелдер гигиенасы бөлмесі	4	4	4	4	-	Әйелдердің бір санитарлық тораптарын-да

В.1*-кестесі – Медициналық қызмет көрсету үй-жайларының болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес					Ескертпе
	жүйке ауруы науқастарына арналған		Тірек-қимыл аппараты бұзылған науқастарға арналған және жалпы типті мекемелерде		МӘМ үшін	
	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	сыйым-дылығы 200 орынға дейін	сыйым-дылығы 200 орыннан жоғары	қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
31 Жинау заттарын сақтауға арналған бөлме	4	4×2	4	4×2	есеп бойын-ша	
32 Шлюздегі қолжуғышы бар қызметкерлер санитарлық тораптары	3	3×2	3	3×2	-	
Қоса алғанда 50 орынға дейінгі МӘМ үшін спорт залы мен емдеу-сауықтыру бассейніне арналған киім-кешек бөлмесін біріктіруге болады.						

Г* қосымшасы
(ақпараттық)

Асханалар және өндірістік үй-жайлар

Г-қосымшасы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

Г.1*-кесте - Асханалар және ас әзірлейтін орындардың өндірістік үй-жайларының болжамды құрамы және алаңы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жай алаңы, кемінде			Ескертпе
	50-ден жоғары 200 орынға дейін мекемелерде	200 орыннан жоғары мекемелер-де	МӘМ үшін қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
1 Тамақтану залы	1 орынға 2,4 м²			(10-15 % мүгедек арбалары үшін)
2 Қолжуғыш	әрбір 8-20 орынға 3 м² (1 қолжуғыш)			
3 Үлестіру	18	24	17-18	
4 Қызмет көрсету	6	8	5	
5 Асхана ыдыстарын жуатын орын	16-18	30-36	14	
6 Ыстық цех	54	70	54	
7 Нан кесу, нанды сақтау	6	8	5-6	
8 Ас бөлме ыдыстарын жуатын орын	8	10	8-9	Механикаландырылған жуу кезінде кемінде 30 м²
9 Салқын цех	10	14	10	
10 Ұн өнімдері цехы	10	14	10	
11 Ет балық цехы	18	24	18	
12 Көкөніс цехы	15	18	15-16	
13 Өндіріс меңгеруші бөлмесі	8	8	7	
14 Өнімдердің тәуліктік қор қоймасы	8	10	6-7	
15 Кептірілген өнімдер қоймасы	10	14	10	
16 Салқындату камерасы: - өнімдер	20	32	20	Кемінде екі камера сыртқа шығатын есігімен (МӘМ үшін тікелей немесе дәліз / тамбур арқылы
- қалдықтар	4	4	4	

Г.1*-кесте - Асханалар және ас әзірлейтін орындардың өндірістік үй-жайларының болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жай алаңы, кемінде			Ескертпе
	50-ден жоғары 200 орынға дейін мекемелерде	200 орыннан жоғары мекемелер-де	МӘМ үшін қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
17 Өнімдерді алғаш өңдеу үй-жайы (көкөністер, құстар)	8+6	10+8	12	
18 Жүктеу, қойма ыдысы	14	18	10-14	Үй-жайды бөлу мүмкіндігі
19 Төсек-орын қоймасы: - таза - лас	 6 4	 8 6	 6-8 4-6	
20 Қойма және жуатын ыдыс	12	16	-	
21 Душ және санитарлық торабы бар персонал бөлмесі	18	24	16	
22 Қоймашы бөлмесі	-	6	-	
23 Көкөністер, тұздау қоймасы	12+6	16+8	12+6	
24 Жинау заттарын сақтау бөлмесі	4	4	2,5-4	
25 Үлестіру	16	20	14-16	Карантин бөлімдеріне, оңашалайтын үй-жайға қызмет көрсетуге арналған
26 Қосалқы үй-жайы бар қызметкерлер асханасы	16+6	18+8	есеп бойынша	4.4.1.23 тармағына сәйкес жер учаскесіне шығатын есігі бар

Д* қосымшасы
(ақпараттық)

Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар

Д.1*-кестесі - Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болжамды құрамы және алаңы *(Өзгерт. ред. – ҚТҮКШІК 17.10.2017ж. №224-НҚ бұйрығы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес			Ескертпелер
	50-ден жоғары 200 орынға дейін мекемелерде	200 орыннан жоғары мекемелерде	МӘМ үшін қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
1 Келушілерге арналған гардеробы бар вестибюль	100	1 орынға 0,7	100	
2 Қосалқы үй-жайлары бар дүкен-салон	18+10	24+12	-	
3 Шаштараз	16+8	18+10	18	
4 Шлюздегі қолжуғышы бар ерлер мен әйелдерге арналған санитарлық тораптар	5×2	5×2	есеп бойынша	
5 Директор кабинеті	18	24	18-28	Демалу бөлмесі және санитарлық тораппен мүмкін
6 Директор орынбасары кабинеті	-	-	16-18	
7 Кеңсе-қабылдау бөлмесі	12	14	12-17	
8 Шаруашылық бөлімі жөніндегі директор кабинеті	12	14	-	
9 Техникалық қызмет көрсететін кезекші қызметкердің үй-жайы	10	14	-	
10 Кассасы бар бухгалтерия	12+4	18+4	28	
11 Персоналдың демалу бөлмесі	24	36	-	
12 Қоймасы бар шаруашылық бикесі бөлмесі	10+6	12+8	-	
13 Жөндеу шеберханасы бар таза киім қоймасы	14	20	-	

Д.1*-кестесі - Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болжамды құрамы және алаңы *(жалғасы)*

шаршы метрмен

Үй-жайлар атауы	Үй-жайлар алаңы, кем емес			Ескертпелер
	50-ден жоғары 200 орынға дейін мекемелерде	200 орыннан жоғары мекемелерде	МӘМ үшін қоса алғанда 50 орынға дейінгі	
14 Кір киімдер қоймасы	14	20	-	
15 Мұрағат үй-жайы	8	12	-	Жертөледе орналасуы мүмкін
16 АТС	18	24	-	сол сияқты
17 Душ және санитарлық торабы бар қызметкерлер гардеробы	24	36	-	сол сияқты
18 Қойма, керек-жарақ, шаруашылық-қойма үй-жайлары	30	40	-	сол сияқты
19 Қосалқы үй-жайы бар электр аппаратурасын жөндеу үй-жайы	12+4	14+6	-	сол сияқты
20 Дезкамера үй-жайы	-	20-30	-	
21 Жинау заттарын сақтау бөлмесі	4×2	4×2	есеп бойынша	
22 Жуатын	8+18+6	8+22+8	есеп бойынша	Егер шаруашылық қызмет көрсету үй-жайларының құрамында кір жуатын орын қарастырылмаса

Е қосымшасы
(ақпараттық)

Ақпараттық құрылғылар және байланыс құралдары

Е.1-кестесі - Ақпараттық құрылғылар және байланыс құралдарының топтары, түрлері

Топ	Ішкі топ	Түрі
1 Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді жалпы пайдаланатын ақпараттық техникалық құралдар	1.1. Ақпаратты кескіндеудің көзге көрінетін құралдары	1.1.1 Статикалық ақпараттың баспа тасымалдаушылары (көрсеткіштер, тақтайшалар, маңдайша жазулары, қалқандар, стендтер, аппликациялар және т. б.) 1.1.2 Статикалық және динамикалық ақпараттың электронды тасымалдаушылары (көрсеткіш тақта, үлкен экрандар, дисплей және т. б.), оның ішінде дыбыс ақпаратын қайталайтын құралдар және сурдоаудару құрылғылары (есту кемістігі бар адамдар үшін)
